

# СӘУІР САММИТІ СУДЫ КӨБЕЙТЕДІ?..

Сарқылмасын Сыр - Ана!



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӨУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

WWW.Qaa.kz

qaa.kz

Ақмешіт Ақшақыт Газеті

## НӘЛІБАЕВТЫҢ ДОСҚА САҒЫНЫШЫ...

Адал дос, асыл азамат... Өмір – адам баласына берілген қайталанбас ең қымбат сый. Ал, өмірдің мәні тіршілік етумен шектелмейді, еңбегіңді еліңе арнап, артыңда өшпес із қалдыра білуіңмен өлшенеді. Бұл үшін адамға ғасырлық ғұмыр емес, адами адалдық, берік болмыс, халқына қызмет етуді парызым деп санайтын парасат қажет.

Осындай бағалауға лайық азаматтың бірі – жауапты басшылық орындарда қызмет етіп, өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық өсіп-өркендеуіне өзіндік қолтаңбасын қалдырған Сыр перзенті Қамбарбек Амангелдіұлы Мұбарқов болатын.

Оның туған жерге беретіні, атқаратын ісі әлі де көп еді, елу деген ер жасынан енді асқан шағында кеудесі ізет пен ізгілікке тұнған адал дос, асыл азамат бұл дүниеден бақилыққа көшті...

Қазақ «Болам деген баланың бетін қақпа, белін бу» демей ме, бұл бекер сөз емес. Оның астары кең. Атамекен ауылдың май топырағын көшіп, қазақы қалың ортада өскен Қамбарбектің бекаст болмысы ауылда бекіді. Қарапайымдылық қасиеттің қазығы да ауылда қағылды. Үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету ілтипаты, досты бауырға тарту, адалдықтан аттамау секілді қазақы қағида-ның қалыптасуы да өскен ортасының өнегесі. Сол ауылдың алқасынан ол қалаға қамданып, оқуға ұмтылды, елге қызмет етуді армандады, осы бағыт-бағдарынан таймады. Осы жолда қаншама белесті бағындырды, аймағымыздың дамуына өлшеусіз үлес қосты.

Қамбарбек досымыз жасынан-ақ кез-келген сынаққа дайын тұра алатын, жігерлі, мақсатшыл, тәуекелшіл болып жетілген жан. Бұл оның қалың жұртқа үлгі тұтуға тұрарлық өнегелі отбасы тәрбиесінде өскендігінен де болса керек.

Қамбарбек еңбек жолын қарапайым қара жұмыстан бастап, әуелі «Өзгеріс» кеңшарының қырманшысы слесарь болғаны да көп нәрсені ұқтырады. Болашақ жолына түскен оның бұл қадамы «Өмір үйретеді, еңбек ширатады» деген еке талабымен тығыз байланысты екені анық.

Жоғары оқу орнында білім алып, есеп-қисапқа жүйрік, экономика саласының білікті маманы атанды. Он жылға жуық салық органдарында жауапты қызметтерді атқарды. Облыстық департамент бастығының орынбасары, Жаңақорған, Шиелі аудандарында салық басқармасының басшысы болды.

Біз Қамбарбек Амангелдіұлымен елге бірге қызмет жасап, жақын дос болып, ерекше сыйластық.

2008-2013 жылдары мен Шиелі ауданының басшылығында болғанымда Қамбарбек аудан әкімінің экономика жөніндегі орынбасары болды. Сол жылдары Сыр маржаны саналатын Шиелі ауданының абыройы артып, берекесі бекемделе түсті десек, бұл жетістікке Қамбарбек Амангелдіұлының да қосқан үлесі мол еді...

Ол білікті қаржыгер болды, өз жауапкершілігін жете сезінді. «Көп білсең де көптен артық білмейсің» дегендей, оның бір ерекшелігі қолға алған іс барысын әрдайым

тәжірибелі мамандардан сұрап, сараптап алатын. Бұл – басшыға қажетті қасиет, қазақ атамыз да «Жеті рет өлшеп, бір рет кес» деп әр іске тиянақты дайындықпен кірісуді өсиет еткен.

Қамбарбек Амангелдіұлы Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы жаңадан құрылғанынан бастап, сол комиссияны он жылға жуық абыроймен басқарды.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы, Шиелі ауданының әкімі, Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының басқарма төрағасы, облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы қызметтерін абыроймен жоғары деңгейде атқарды.

Оның бар қызметі бір тізімге сыйып тұрғанымен, осы қызметтердің аясында қанша күш пен жігерді сүргідей жонатын қиындық пен жауапкершілік жатыр. Соның бәрін көтеру бір азаматқа аз жүк емес...

Қамбарбек Амангелдіұлының Шиелі ауданына әкім болып тағайындалуы күллі дүниеге нәубет төндірген пандемия дүрбелеңінен тұтас келді. Осы кездері барша елмен бірге аудан халқы да әр сәті қауіп пен қатерге байланған күндерді бастан өткерді. Қиын-қыстау мезетте халықты сабырға шақырып, тез және нәтижелі шешімдер қабылдай білу оңай болмады. Ел ерге, ер жерге қарайтындай қиын-қыстауда қисынын келтіріп, іс қыла алатын қабілетін танытты.

Аудан тұрғындарының сұранысына сәйкес теміржол үстінде көпір салынып, жұртшылықтың көптен бергі ұсыныс-тілегі орындалды. Тағы да басқа халықтың күнделікті өмірін жақсартуға бағытталған игіліктер іске асты.

Әр күні қарбаласқа толы аудан басшысының мұндай жұмыстарын санап таусудың өзі қиын. Жоғарғы басшылықтың тапсырмалары, аудан халқының талап-тілегі оны «етігімен су кешкен» ерлер ісінде ел мүддесіне қайрап салды. Шын мәнінде Қамбарбек Амангелдіұлы ел басқару ісінің қандай жауапкершілік жүктейтінін жақсы түсіне білді.

Қамбарбек Амангелдіұлы облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп, экономика және қаржы басқармаларының басшысы қызметінде жүргенде де өзінің іскерлігін көрсетті.

Әсіресе, орталықтан облысқа қажет қаржыны тарту бағытында табандылық танытып, өзінің біліктілігін талай мәрте дәлелдеді. Қамбарбек бауырымыздың еңбекқорлығына ешкім шүбә келтіре алмайды. Ол кеудесіне кенедей жабысқан дертімен күресудің орнына өмірінің соңғы сәтіне дейін тапжылмай қызмет етті, ел аманатын арқалап өтті. Жауапты да күрделі қай қызметте де өзінің кәсіби өрісін көрсетіп, аймақты дамуға байланысты мол тәжірибесін сарқа жұмсады, жас кадрларды шыңдады. Бүгінде оның шекпенінен шыққан шынайы шәкірттері ұстаз атына кір келтірмеуге ұмтылып келеді.



Ол өзінің адал еңбегінің лайықты сыйқарметін де көрді. «Үздік мемлекеттік қызметші», «Қаржы қызметінің үздігі» төсбелгісімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін», басқа да мерекелік медальдармен марапатталды. Жаңақорған және Шиелі аудандарының «Құрметті азаматы» атанды.

Өрине, оның ел ішіндегі абыройы, артында қалдырған игі істері ең үлкен атағы болды. Сыйластық пен достыққа берік, көңілі мен пейілі кең, жомарт жүректі Қамбарбек бауырымыздың құтты шаңырағы әрдайым қонақтардан үзілмейтін.

Өулеттің берекесі болған аяулы анамыз Фатима апай, төрт перзентті дүниеге әкелген өмірлік жары Айнур да қара шаңырақтың өнегелі отанасы. Әкенің асқақ абыройы ұлағатты ұрпағымен жалғасын тапқаны ерқашан көңілімізге медет болуға.

Дана бабаларымыз «Ойыңның ақтығы – арыңнан, сөзіңнің ақтығы – жаныңнан, ісіңнің ақтығы – ақылдан» деген. Қамбарбек Амангелдіұлының туа бітті сабырлы мінезі, қабілет-қарымы, іскерлік өрекеті, ұйымдастырушылық қасиеті оның адами қасиетін асқақтатуға жетерлік баға. Асыл досымыздың арамыздан ерте кеткені жанымызға қатты батады, өзімен бірге өткізген қайталанбас қызықты күндерді сағынышпен еске аламыз.

Бүгін міне, қимас досымыздың бақилық болғанына да бір жыл уақыт өте шығыпты. Бірақ, уақыт бұл асыл есімді ел жадынан өшіре алмайтыны анық.

Ұлы Абайдың «Адам өлген күні өлмейді, ұмытылған күні өледі» деген мағыналы сөзі бар. Біз досымызды ешқашан ұмытпаймыз, жарқын бейнесі жадымызда ұзақ сақталады. Жаның жәннатта болсын, адал дос, асыл азамат!

Нұрлыбек НӘЛІБАЕВ,  
Қызылорда облысы әкімі

Биылғы жылы Қазақстанның Халықаралық Аралды құтқару қорына төрағалығы аяқталады. Наурыздың соңғы күндерінде Үкімет басшысы Олжас Бектенов осы қордың басқарма мүшелерімен кездесу өткізді.

Ресми дерек көздерінен тараған ақпарат бойынша кездесуге Тәжікстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Сулаймон Зиёзода, Түрікменстан Министрлер кабинеті төрағасының орынбасары Тангрыгулы Атахаллиев, Өзбекстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Шухрат Ганиев, Өзбекстан Республикасының су шаруашылығы министрі Шавкат Хамраев, Қырғыз Республикасының Су ресурстары, ауыл шаруашылығы және қайта өңдеу өнеркәсібі министрінің орынбасары – Министрлік жанындағы Су ресурстары қызметінің директоры Алмаз Жәзәлиев, Халықаралық Аралды құтқару қоры атқарушы комитетінің төрағасы Асхат Оразбай, сондай-ақ Қазақстан Республикасының салалық министрліктері мен ведомство басшылары қатысқан.

Су шаруашылығы саласындағы өңірлік ынтымақтастықты әрі қарай дамыту, Қор қызметінің тиімділігін арттыру, сондай-ақ биылғы 22 сәуірде Астанада өтетін ХАҚҚ-ға мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысына дайындық мәселелері қаралған.

Кездесу барысында су есебін жүргізу мен басқаруды цифрландырудың маңыздылығы атап өтілген.

Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:

Қызылордаға келіп тұрып, Арал мәселесіне тоқталмай кету мүмкін емес. Аралды құтқару – барша адамзат үшін әлі де өте өзекті міндет. Мен бұл мәселе туралы халықты Жолдауымда айттым. Жылдар бойы жүргізілген жұмыстың арқасында Солтүстік Аралды құтқарып қалдық. Қашқан теңіз қайтып, Кіші Аралдың қалпына келе бастағанына біраз жыл болды. Қазір Көкарал бөгетін биіктету шаралары қолға алынып жатыр. Жоба осы жылдың соңында басталады. Кіші Аралдың суының көлемін айтарлықтай көбейтуге мүмкіндік болады.

Бірақ бұл тек біздің қолымызда тұрған мәселе емес. Қазақстандағы ірі өзендердің көбі бастауын көрші мемлекеттерден алады. Дарияның басында тұрған елдердің су саласындағы саясатына байланысты Сырдың суы теңізге әр кезде әртүрлі көлемде жетеді. Демек көп түйткілдің шешімі су саласындағы шебер дипломатияға байланысты. Қазір Орталық Азия елдерінің бәрімен су ресурстарын бірлесіп пайдалану туралы келісімдер жасалды. Түптеп келгенде, Арал ғана емес, Каспийдің, Балқаштың, Ертістің тағдырын шешу үшін көршілермен мәмілеге келіп, келісімдерге қол қоюымыз қажет.

Су – еліміз үшін стратегиялық ресурс. Біз су мәселесімен жүйелі түрде айналысуымыз керек. Мен былтыр Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында Халықаралық су ұйымын құруды ұсындым. Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау барысында осы мәселені алға қарай жылжытуымыз қажет. Алдағы сәуірде Астанада Халықаралық экология саммиті өтеді. Жиында Аралды құтқару қорына мүше мемлекеттер басшыларымен Арал мәселесін талқылаймыз. Кіші Аралдың қалпына келуі бүкіл Сыр өңірін одан әрі көркейтуге жол ашады деп үміттенеміз.

(Y-shi Құрылтайдан сөйлеген сөзінен)

Үкімет басшысы О.БЕКТЕНОВ:

– Мұнда Сырдария және Әмудария өзендері бассейндерінде су ресурстарын есепке алу, мониторинг жүргізу және бөлу бойынша бірыңғай автоматтандырылған жүйені кезең-кезеңімен енгізу туралы сөз болып отыр. Цифрландыру мен есепке алу су пайдаланудың ашықтығын қамтамасыз етеді деп ойлаймын. Сенімді деректердің болуы және бірлескен мониторинг мемлекеттер арасындағы сенімнің негізі болып саналады және су ресурстарын басқарудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді, - деп атап өтті.

Осы кездесуден соң Үкімет басшысы орынбасары Қанат Бозымбаевтың төрағалығымен Аралды құтқару халықаралық қорының (АҚХҚ) басқарма отырысы өтті.

Бұл отырыс Қазақстан Республикасының АҚХҚ төрағалығының қорытынды кезеңінде Қорды құрған мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысына дайындықтың негізгі кезеңі болып саналады.

Үкімет басшысы орынбасары Қанат БОЗЫМБАЕВ:

– Елдеріміздің бірлескен жұмысы мен мемлекет басшыларының саяси өрік-жігерінің арқасында трансшекаралық су ресурстарын басқару және Арал теңізі бассейніндегі жағдайды жақсартуға бағытталған өңірлік бастамаларды ілгерілету бойынша тұрақты өзара іс-қимыл жүйесін сақтап қала алдық. Өткен кезеңде Қордың жүйелі жұмысын қамтамасыз етіп, сындарлы диалогті сақтауға және бірқатар маңызды бастаманы ілгерілетуге қол жеткіздік. Бүгінгі кездесу алдағы уақытта мемлекет басшыларының қарауына ұсынылатын негізгі мәселелер бойынша келісілген тәсілдерге келуге мүмкіндік береді деп сенеміз», - деді.

Отырыс қорытындысы бойынша бес бірлескен шешімге қол қойылған.

Оның ішінде өзіміз үшін маңызды тұсы: Сырдария өзені бассейнінде су ресурстарын есепке алу, мониторинг жүргізу, басқару және бөлудің бірыңғай автоматтандырылған жүйесін енгізу жөніндегі жұмыс жоспарының жобасын әзірлеу, сондай-ақ 2026-2036 жылдарды «Орталық Азияда суды ұтымды пайдалану бойынша практикалық іс-қимылдар онжылдығы» деп жариялау мәселелері қаралып, назарға алынған.

Негізі Қазақстан Солтүстік Арал теңізін сақтау бағытында кешенді шараларды жүзеге асырып келеді. Атап айтқанда, Су ресурстары және ирригация министрлігі Дүниежүзілік банкпен бірлесіп, Солтүстік Аралды сақтау жобасының екінші кезеңін әзірледі. Жоба аясында теңіз деңгейін Балтық жүйесі бойынша 44 метрге дейін көтеру үшін Көкарал бөгетін реконструкциялау көзделген. Соның нәтижесінде су айдынының аумағын 3 913 шаршы шақырымға дейін, ал су көлемін 34 млрд. текше метрге дейін ұлғайту жоспарланған.

Министрлік сондай-ақ Түркістан және Қызылорда облыстарындағы Арал – Сырдария бассейнінің ирригациялық жүйелерін жаңғырту және автоматтандыру бойынша 160-тан астам жобалау-сметалық құжат әзірлеуде. Бұл суды неғұрлым тиімді пайдалануға және үнемделген көлемді Солтүстік Аралға бағыттауға мүмкіндік береді.

Сырдария өзеніндегі су қоймаларының жұмыс режимдерін келісу және мемлекетаралық уағдаластықтарды қатаң сақтау нәтижесінде соңғы үш жылда Солтүстік Аралға 6 млрд. текше метрден астам су келген. Соның арқасында Солтүстік Аралдағы су көлемі 2022 жылдың соңындағы 18,9 млрд. текше метрден 2025 жылдың соңында 23 млрд. текше метрге дейін өскен.

Өрине бұған дейін де Аралды жақсартуға нәтижелі жұмыс жасалуда. Дегенмен сырбойлықтардың алдағы өтетін экология саммитінен үміт көп. Өйткені су – тіршілік көзі.

## ЖҮГЕРІНІ ТЕРЕҢ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫ – ЖАҢА ӨНДІРІС

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың, мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері және ел ағаларының қатысуымен Сырдария ауданында жүгері дақылын терең өңдеу зауытының іргетасын қалау рәсімі өтті.

Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты жаңа жобаның басталуымен құттықтап, агроөнеркәсіп кешенін дамыту бағытындағы жұмыстарға тоқталды.

– «Президентіміз айқындап берген экономиканы әртараптырау, өңдеу өнеркәсібін дамыту жөніндегі стратегиялық міндеттер аясында аймағымызда нақты істерді кезең-кезеңімен жүзеге асырып келеміз.

Өткен жылы тамыз айында Жетісу өңіріне арнайы жұмыс сапарымен барып, еліміздегі ірі өндіріс орындарының бірі – «Жаркент крахмал-сірне зауытымен» жан-жақты таныстық. Келіссөздер нәтижесінде серіктестіктің қолдауымен облысымызда жүгері дақылын терең өңдейтін жаңа зауыт салу жөнінде маңызды келісімге қол жетті.

Бүгін аймағымыз, оның ішінде Сырдария ауданының тұрғындары үшін аса маңызды, тарихи сәтті күәсі болуға жиналды. Жылына 150 мың тонна жүгері дақылын терең өңдейтін, 40 млрд.тенгенің жаңа өндіріс орнының іргетасы қалануда. Зауыт заманауи талаптарға сай жоғары сапалы технологиялармен жабдықталып, 550 адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етеді.

Быылдан бастап жүгері егісі 15 мың гектарға дейін ұлғайтылады.



Бұл көрсеткіш жыл сайын артып, өңіріміздің аграрлық әлеуетін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Терең өңдеуге бағытталған жүгері өндірісін қолға алған шараларға мемлекет тарапынан қаржылай көмек көрсетіледі. Маңызды жобаны жүзеге асыруға бастамашы болып, зор үлес қосқан инвесторларға тағы да шынайы алғысымды, зор ризашылығымды білдіремін. Зауыт құрылысының сәтті аяқталуына, жаңа нысанның ел игілігіне қызмет етуіне тілектестің, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

## БЕЛКӨЛ КЕНТІ ӘКІМІ ЛАУАЗЫМЫНА ҮМІТКЕР ЖУСУПОВ АСҚАР ОРМАНБЕКҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ



Жусупов Асқар Орманбекұлы 1978 жылғы 27 қыркүйекте Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Абай совхозында дүниеге келген. Ұлты – қазақ. Жоғары білімді. 2006–2010 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін тәмамдап, «Есеп және аудит» мамандығы бойынша білім алған. Еңбек жолын 2001 жылы Қызылорда қаласы Абай ауылындағы «Абай ауылы» ЖШС-де жұмысшы болып бастаған. 2005–2006 жылдары Қосшыңырау ауылдық округі әкімі аппаратында салық маманы қызметін атқарған. 2006–2008 жылдары «Абай» СПК төрағасы болған. 2008 жылы осы мекемеде келік жүргізушісі қызметін атқарған. 2010 жылы Қызылорда қаласы Ақсуат ауылдық округі әкімі аппаратында жетекші маман болып жұмыс істеген. Кейін сол мекемеде салық инспекторы және статист қызметтерін атқарған. 2011–2013 жылдары Қызылорда қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінде статист болып еңбек еткен. 2013–2017 жылдары Қызылорда қаласы Қосшыңырау ауылдық округі әкімі аппаратында жетекші маман қызметін атқарды. 2017 жылдан бастап осы уақытқа дейін аталған мекемеде бас маман қызметін атқарып келеді.

### САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Ең басты міндет – халықтың әлеуметтік тұрмыс жағдайына баса көңіл бөліп, оны жақсартуға белсене араласу және кент тұрғындарының ауырлығын сақтау, береке-бірлігін жарасымды ету. Белкөл кентінің әлеуметтік, экономикалық жағдайын тұрақтандыру мен көтеру мақсатында халық пікірін ескере отырып келесідей бағыттар бойынша кешенді жұмыстар атқаратын боламын:

**1-бағыт:** Жаппай кәсіпкерлікті дамытуға байланысты кентте шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталған бағдарламалармен таныстыру, тәжірибе алмасу мақсатында семинарлар ұйымдастыру. Белкөл кенті аумағында бірлесе жұмыс жүргізуге дайын инвесторларды тарту. Мықты кәсіпкерлердің тәжірибесін үлгі ретінде кент жастары арасында кеңінен дәріптеу.

Сондай-ақ, Белкөл кентінің жергілікті мемлекеттік және өзі басқару органдарымен тиімді әрі сапалы қызметін қамтамасыз ету, кенттің салық базасын ұлғайту бағытындағы жұмыстарды қарқынды ұйымдастыру, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің көлемін арттыру мақсатында көлеңкелі бизнестің алдын алуға

бағытталған шараларды қабылдайтын боламын.

Негізгі түпкілікті мақсат- Мемлекет басшысының халықты жұмыспен қамту, жұмыссыздық деңгейін төмендету, елді мекендегі өзін-өзі еңбекпен қамтыған азаматтар санын көбейту, жергілікті жерде кәсіпкерлікті дамыту арқылы жаңа жұмыс орындарын ашу және кент тұрғындарын жұмыспен қамтамасыз ету.

**2-бағыт:** Бағдарламаның екінші бөлігі елді мекенді ауыз су, аяқ су жүйелері, электр желілері, яғни инфрақұрылымды дамыту болып табылады. Елді мекендегі көше жолдарын жөндеу, инфрақұрылымның қазіргі заман талабына сай болуына барынша ықпал жасау, атап айтқанда жаяу жүргінші жолдары, қазіргі үлгідегі аялдамалар санын көбейту. Сонымен қатар көгалдандыру жұмыстарын атқару, абаттандыру.

**3-бағыт:** Ауылшаруашылығын дамыту мақсатында да бірқатар жұмыстарды атқаруды жоспарлап отырымын.

Атап айтқанда мал шаруашылығын дамыту бойынша мемлекеттік бағдарламалардың жүргізілуін жандандыру және шаруа субъектіле-

рінің өнімдерін шығару мен қайта өңдеуін арттыруға мүмкіндік беретін инвестициялық жобаларды іске асыру.

**4-бағыт:** Ұлт болашағы – балалардың сапалы біліммен, саналы тәрбие алуын назарда ұстап, ауыл бүлдіршіндерінің толықтай балабақшамен қамтылуын және кент мектебінің жай-күйін назарда ұстауды басты бағыттарымыздың бірі деп санаймын.

**5-бағыт:** Кент тұрғындарының бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында мәдени көпшілік іс-шараларды жиі ұйымдастыру және шығармашылық үйірмелердің оқушыларын қалалық, облыстық, республикалық сайыстарға қатысуына ықпал жасау. Жастар мәселесіне көңіл бөліп, олардың арнайы мамандық алуына және жұмысқа орналасуына, бос уақытын тиімді пайдалануына мән беру.

Еліміздің дамуына байланысты ауқымды жобаларымыз да, жүйелі жоспарларымыз да жеткілікті. Айналып келгенге туған жердің бүгінгі де, болашағы да өз қолымызда.

Сондықтан, «Ер жолдасы - төуекел» деп осы лауазымға өз кандидатурамды ұсындым.

## ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің хабарламасы бойынша Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңына сәйкес, еліміздің аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық коммерциялық емес ұйымдар жыл сайын өз қызметі туралы мәліметтерді «ҮЕҰ дерекқорына» белгіленген тәртіппен ұсынуы тиіс.



Осыған орай жыл сайын 1 қаңтардан 31 наурызға дейін тапсырылуы тиіс есептерді қабылдау мерзімі Eser.govtc.kz платформасы жүйесінде орын алған техникалық ақауларға байланысты өзгертілді. Атап айтқанда, «Ақпараттық жүйелердің техникалық үйлесімділігі және жүйе жұмысында анықталған қателер туралы акт» негізінде «ҮЕҰ дерекқорына» мәліметтерді қабылдау мерзімі 2026 жылғы 30 сәуірге дейін ұзартылды.

Осыған байланысты, барлық үкіметтік емес ұйымдарды белгіленген мерзімге дейін қажетті мәліметтерді толық әрі сапалы түрде ұсынуға шақырамыз. Уақытылы және дұрыс тапсырылған есептер ұйым қызметінің ашықтығын арттырып қана қоймай, мемлекеттік қолдау шараларына қатысу мүмкіндігін де кеңейтеді.

## 26,87 ТРЛН. ТЕҢГЕДЕН АСТАМ ҚАРАЖАТ ЖИНАҚТАЛДЫ

Қазақстандықтардың зейнетақы жинақтарының көлемі 2026 жылдың 1 наурызына **26,87 трлн. теңгеден** асты. 12 айдағы өсім 4,19 трлн теңгеге немесе 18,5%-ға өсті.

2026 жылдың 1 наурызында міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарының көлемі **25,23 трлн. теңге**. Бір жылдағы өсім 3,35 трлн теңге (15,3%). Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтары – **746,91 млрд. теңге**, 12 айдағы өсім – 14,8%.

Бір жыл ішіндегі ең үлкен өсім – 23,6% ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша жинақтар көрсетті, олардың 2026 жылдың ақпанындағы жағдай бойынша көлемі **9,89 млрд. теңге**. Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына 2024 жылғы 1 қаңтардан түсе бастаған жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) бытырғы жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 2,8 есеге ұлғайып, 2026 жылдың 1 наурызына **879,18 млрд. теңге** болды.

**Түсімдер**  
Зейнетақы жинақтарының көлемі зейнетақы жарналары мен инвестициялық кіріс түріндегі кіріс ағындары есебінен ұлғаяды. 2026 жылдың алғашқы екі айында салымшылардың жеке және шартты зейнетақы шоттарына **571,83 млрд. теңге** түсті, өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 15,0%-ға (немесе 74 501,45 млрд. теңгеге) артық.

МЗЖ есебі жүргізілетін жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) 2026 жылдың басынан бастап 2026 жылғы 1 наурызға дейін **446,35 млрд. теңге** (өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда МЗЖ көлемі 7,3%-ға ұлғайды), МКЗЖ – 26,89 млрд. теңге (өсім – 20,0%), ЕЗЖ – 347,0 млн теңге түсті. 12 айдағы ЖМЗЖ есебінен жарналар 98,25 млрд. теңгені құрады.

Жыл басынан бері салымшылардың шоттарына түскен таза инвестициялық кіріс 523,88 млрд. теңгеден асты.

**Төлемдер мен аударымдар**  
2026 жылғы қаңтар-ақпандағы БЖЗҚ-дан жарналардың барлық түрлері бойынша жасалған төлемдер мен сақтандыру ұйымдарына аударымдар **237,13 млрд. теңгені** құрады. Зейнет жасына толуына байланысты төлемдер **42,32 млрд. теңгеге** жетті. БЖЗҚ-дан зейнет жасына толуына байланысты кесте бойынша берілетін орташа айлық төлем – 38 735 теңге.

2026 жылдың басынан бері тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ) **86,26 млрд. теңге**, мұрагерлік бойынша **26,86 млрд. теңге**, ҚР-дан тыс жерге тұрақты тұруға кетуге байланысты **6,67 млрд. теңге**, мүгедектігі бар адамдарға – **665,93 млн. теңге**, жерлеуге – **1,63 млрд. теңге** көлемінде төлем жасалды. Сақтандыру ұйымдарына **72,73 млрд. теңге** аударылды.

**ЖЗШ саны**  
2026 жылдың 1 наурызындағы жағдай бойынша БЖЗҚ-дағы зейнетақы шоттарының жалпы саны – **18,39 млн.** бірлік (12 айдағы өсім – 1,03 млн бірлік немесе 5,9%). Бұл ретте салымшылардың (алушылардың) БЖЗҚ-дағы ЖЗШ саны 2026 жылдың 1 наурызына **12,75 млн.** бірлік болды. Оның ішінде: 11,31 млн. - МЗЖ бойынша, 771,33 мыңы - МКЗЖ бойынша, 471,51 мыңы – ЕЗЖ есептелетін шоттар.

Айта кетейік, МЗЖ есебі жүргізілетін шоттардың жалпы санына (11,31 млн бірлік) елден тысқары жерлерге тұрақты тұруға кеткен, бірақ жинақтарын алу үшін жүгінбеген алушылардың, мұрагерлері зейнетақы жинақтарын мұраға ресімдемеген қайтыс болған салымшылардың, 2016 жылдан бастап зейнетақымен мемлекеттік қамсыздандырылуға толық ауыстырылған әскери қызметшілердің және шоттарына Қазақстан заңнамасына сәйкес жарналар түспеуі тиіс салымшылардың (алушылардың) басқа да санаттарының шоттары кіреді.

БЖЗҚ-дағы ЖМЗЖ туралы мәліметтер ескерілетін шартты зейнетақы шоттарының саны - **5,64 млн.** бірлік.

## БАЙҚОҢЫРДА ТАҒЫ БІР БАЛАБАҚША

Сонғы жылдары Байқоңыр қаласында мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына деген сұраныс та ұлғайып келеді. Осы ретте қалада тағы бір балабақша ел игілігіне берілді.

Балабақшаны қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету мақсатында облыстық бюджеттен 78 млн. теңге қаржы қарастырылды. Қазір екі қабатты, 180 орынға арналған балабақшада балалардың сапалы білім алып, тәрбиеленуіне барлық жағдай жасалған. Жаңа нысан бүлдіршіндердің жан-жақты дамуына мүмкіндік береді.



Балабақшаның ашылуына орай салтанатты шарада облыс әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай сөз сөйлеп, тұрғындарды жаңа балабақшаның ашылуымен құттықтады. Сонымен қатар аудан әкімінің орынбасары Диас Молдабаев, аудандық мәслихат депутаттары мен білім саласының ардагерлері қатысып, ізгі тілектерін білдірді.

Мерекелік шара барысында балабақша тәрбиеленушілері өнер көрсетіп, қонақтарға ерекше көңіл-күй сыйлады.

Бүгінгіге ғарыш айағы орналасқан бұл қалада 3 мемлекеттік бөбекжай-бақша халық игілігіне қызмет етуде.

### СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 29.12.2015 жылғы № 153 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығына және Қазақстан Республикасының 18.11.2015 жылғы № 410 V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау күнделікті сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, үзіліс уақыты 13.00-ден 15.00-ге дейін және 8(7242)40-04-84 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.

### ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 29.12.2015 года № 153 «О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих Республики Казахстан» и Законом Республики Казахстан от 18.11.2015 года № 410 V «О противодействии коррупции» прием граждан по личным вопросам в отделе занятости и социальной программ города Кызылорда ежедневно с 9.00 до 19.00 часов, время перерыва с 13.00 до 15.00 и телефон доверия 8(7242)40-04-84.

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ 2015 ЖЫЛҒЫ 29 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНІҢ ӘДЕПТІЛІК НОРМАЛАРЫН ЖӘНЕ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫН ОДАН ӘРІ ЖЕТІЛДІРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» ЖАРЛЫҒЫНА ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 18.11.2015 ЖЫЛҒЫ № 410 V «СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНА СӘЙКЕС, ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІНДЕ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІМЕН ҚАБЫЛДАУ КҮНДЕЛІКТІ САҒАТ 9.00-ДЕН 19.00-ГЕ ДЕЙІН, ҮЗІЛІС УАҚЫТЫ 13.00-ДЕН 15.00-ГЕ ДЕЙІН ЖӘНЕ 8(7242)40-04-84 СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІНІН ХАБАРЛАЙДЫ.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» № 153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес «Қызылорда қаласының Қарауылтөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 8 (7242) 21-33-21 «Сенім телефоны» жұмыс жасайтынын және Қарауылтөбе ауылдық округі әкімімен азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау әр аптаның сәрсенбі күні сағат 15.00-ден 19.00-ге дейін жүргізілетіндігін хабарлайды.

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 29 декабря 2015 года № 153 «О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих Республики Казахстан» и Законом Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года №410-V «О противодействии коррупции» сообщаем, что, в коммунальном государственном учреждении «Аппарат акима сельского округа Карауылтөбе города Кызылорды» работает «Телефон доверия» 8 (7242) 21-33-21 и прием граждан по личным вопросам Акимом сельского округа Карауылтөбе проводится каждую среду недели с 15.00 до 19.00 часов.

<b>МЕНШІК ИЕСІ:</b> «Желтоқсан и К» ЖШС	<b>Редакцияның мекен-жайы:</b> Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1	(E-mail: a_akshamy@mail.ru) Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп №14611-Г «7» қараша 2014 жылы күәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж Газет аптасына бір рет жарық көреді	<b>ТАРАЛЫМЫ:</b> 4000 Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды. <b>Мекен-жайы:</b> Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49 <b>Таралу аумағы:</b> Қазақстан Республикасы <b>Тапсырыс</b>	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды. Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек. Сурет сапасына редакция жауап бермейді
--	--	--	---	--

## ӘКІМ ҚАБЫЛДАДЫ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев кезектілік тәртібімен жазылған азаматтарды жеке қабылдады. Қабылдауға жазылған 20 адамның біреуі онлайн режимде қосылды. Келушілердің басым бөлігі әлеуметтік бағытта қолдау сұрап, тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық, көше асфальттау, жұмысқа орналастыруға қатысты мәселелер көтерді.

Аймақ басшысы баспана заң аясында, кезектілік тәртібімен берілетінін баса айтты.



**Тұрғындар облыс әкімінің қабылдауына еgov порталы арқылы, e-otinish бiрынғай базасы немесе әкiмдiкке келiп жазбаша өтiнiш тастау арқылы жазыла алады.**

Бүгінде халық сұранысы ескеріліп, өңірде көпқабатты тұрғын үй құрылысы қарқын алған. Тұрғындарды үймен уақытша қамту жұмыстары да жүйелі жүргізіледі. Бүгінгі қабылдауда төрт балалы жалғызбасты анаға осындай уақытша баспана ұсынылды.

Шиелі ауданы Сұлутөбе ауылының ақсақалдары Құмжарған каналын қазу қолға алынғанына, жұмыстың жолға қойылғанына алғыс айтты. Канал егістік алқаптарын сумен қамтуға, ауыл шаруашылығын дамытуға оң ықпал етпек.

Қазалы ауданының тұрғыны өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасуға қатысты мәселе көтерді. Облыс әкімі жұмыспен қамту назардан тыс қалмайтынын, заң аясында қарастырылатынын жеткізді.

Негізі әрбір қабылдауда көтерілген мәселелер заң тәртібімен және кезек-кезеңімен шешіліп келеді. Осы жолы да әрбір келушіні толғандырған түйтілгіге қатысты жауапты сала басшыларына тапсырмалар жүктелді.

## БЕС ЕЛДІ МЕКЕНГЕ ҚАУІП БАР МА?

Шиелі ауданы әкімдігінің мәжіліс залында аудан әкімі Айтбай Жандарбековтың төрағалығымен «Сырдария» суын қауіпсіз өткізу шаралары туралы арнайы жиын өтті.

Аудан аумағында оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай жалпы ұзындығы 260 шақырымды құрайтын «Сырдария» өзені ағады. Қорғаныс бөгеттерінің жалпы ұзындығы 71,6 шақырымды құрайды (оның ішінде оң жағалауы – 63,3 шақырым, сол жағалауы – 8,3 шақырым).

Су басу қаупі бар аймаққа өзен жағасында орналасқан 5 елді мекен кіреді. Аталған елді мекендерде 7 462 тұрғын және 1 370 тұрғын үй орналасқан.

Жиын барысында «Қазсушар» РМҚ Қызылорда филиалының «Шиелісушар» өндірістік бөлімше басшысы Дихан Әубәкіров өзендегі су деңгейінің қазіргі жағдайы, гидротехникалық нысандардың жұмысы және су өткізу мүмкіндіктері туралы баяндама жасады.

Сондай-ақ аудандық төтенше жағдайлар бөлімі басшысының міндетін атқарушы Әділет Нұрмантаев төтенше жағдайлардың алдын алу, күш-құралдардың дайындығы жайлы хабарлады.

Жиын қорытындысында аудан әкімі жауапты мекемелерге нақты тапсырмалар жүктеп, қорғаныс бөгеттерін күшейту, қауіпті учаскелерде кезекшілік ұйымдастыру, қажетті техника мен материалдық қорды дайын ұстау жұмыстарын жүйелі жүргізу қажеттігін атап өтті.

## КАНАЛДАР ТАЗАРТЫЛУДА

Шиелі ауданы әкімі Айтбай Жандарбеков аудан ардагерлері және тиісті сала басшыларымен бірге 21 бекет елді мекенінің бойымен өтетін К-4, L-5 қашыртқы каналдары мен Өзек арнасының тазалау жұмыстарын арнайы барып көріп, бағысын бақылады.



Аталған каналдарды тазарту жұмыстары ауыл тұрғындарының өтініші негізінде жүзеге асырылуда. Негізгі мақсат Шиелі кенті, Жансейіт және 21 бекет елді мекендерінен ыза суларды тиімді өткізу арқылы су жиналу мәселесінің алдын алу. Сонымен қатар бұл жұмыстар егін алқаптарын уақытылы әрі сапалы суаруға мүмкіндік беріп, ауыл шаруашылығы өнімділігін арттыруға оң әсерін тигізеді.

Қазіргі таңда тазалау жұмыстары арнайы техникалардың көмегімен жүйелі түрде жүргізілуде. Жұмыстардың сапалы әрі мерзімінде орындалуы аудан басшысы Айтбай Жандарбековтың тұрақты бақылауында.

Аталған жұмыстар «Қазсушар» РМҚ Қызылорда филиалының «Шиелісушар» өндірістік бөлімшесі тарапынан атқарылуда.

## ӨМІРІ ӨЛЕҢГЕ АЙНАЛҒАН ЕҢБЕК ЕРІ

Сырдария ауданының Шаған ауылдық мәдениет үйінде «Құрмет» орденінің иегері Қожабек Кенжебекұлы Дәдікбаевты еске алуға арналған аудандық ақындар мүшәйрасы өтті. Тағылымы мол әдеби іс-шараға «АМАНАТ» партиясы облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай, аудан әкімінің орынбасары Димаш Байдушев, аудан мәслихат төрағасы Ержан Әжікенов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұса Келдібаев, «АМАНАТ» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Ақтөре Ибрагимұлы және ауыл тұрғындары қатысты.

Шара барысында Қожабек Кенжебекұлының өмір жолы мен еңбек жолынан сыр шертетін арнайы көрме ұйымдастырылды. Көрмеге оның марапаттары, архивтік құжаттары, фотосуреттері мен естелік дүниелері қойылып, тұлғаның өнегелі ғұмыры кеңінен таныстырылды.

Мүшәйра барысында Жандос Нұртайұлы мұндай игі шаралар жастарды елжандылыққа тәрбиелеуде маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

– Қожабек Кенжебекұлы – өзінің саналы ғұмырын туған өлкесінің өркендеуіне, әсіресе ауданның ауыл шаруашылығы саласын жаңа деңгейге көтеруге арнаған нағыз еңбек майталманы. Ол Сырдың бойын ырысқа толтырып, аграрлық сектордың өлеуетін арттыруда аянбай қызмет етті. Білікті

басшы ретінде аудан экономикасының қарыштап дамуына, жаңа технологиялардың енуіне және ауыл еңбеккерлерінің әлеуметтік жағдайының жақсаруына өлшеусіз үлес қосты. Еңбек жолында Тереңөзек совхозында инженер, аудандық партия комитетінде нұсқаушы, жауапты ұйымдастырушы, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында бөлім басшысы, өндірістік-техникалық кооперативтің бас инженері әрі директоры қызметтерін абыроймен атқарды. 1994 жылдан өмірінің соңына дейін «Шаған» агрофирмасын басқарды. Ол басқарған агрофирма қысқа мерзім ішінде заманауи агроөнеркәсіптік кешенге айналды. «Ер есімі – ел есінде» деген халқымыздың даналық сөзі осындай азаматтарға қарата айтылса керек. Бүгінгі мүшәйра – тұлғаны ұлықтау ғана емес, адал еңбек пен биік адамгершіліктің рухани көрінісін жырмен өрнектейтін тағлымды алаң. Сыр топырағына сіңірген өлшеусіз еңбегі ақындар өлеңінің арқауына айналары сөзсіз. Баршаныңа шығармашылық шабыт тілеймін, – деді Жандос Нұртайұлы.

Кеш барысында аудан ақындары арнау өлеңдерін оқып, көрермендерге рухани әсер сыйлады. Мүшәйра қорытындысы бойынша үздік қатысушылар марапатталды.

Қ.Дәдікбаевты еске алуға арналған волейболдан жарыс та өткізілді.

**Қызылордадағы «Достық үйінде» облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев республикалық референдумды жоғары деңгейде өткізуге атсалысқан азаматтарға, құқық қорғау органдарының, басқармалардың басшыларына, қала, аудан әкімдеріне Президенттің Алғыс хаты мен "Барыс" төсбелгісін табыстады.**

үгіт-насихат жұмыстарын жүргізген Жалпыұлттық коалиция мүшелері мен азаматтарға алғысын білдірді.

Тарихи маңызды шарада еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына, заң мен тәртіпті нығайтуға елеулі үлес қосқан тұлғалар мемлекеттік наградалармен марапатталды. Олардың арасында сырбайлық жерлестеріміз бар екенін

## АЛҒЫС АЛҒАНДАР АЗ ЕМЕС...



– «Жақында ғана Елордада өткен салтанатты шарада Президентіміз Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның нәтижелі еңбегіне айрықша тоқталып, Ата заңымыздың мән-мазмұнын жұртшылыққа кеңінен түсіндіріп,

зор мақтанышпен атап өтуіміз қажет.

Бүгін міне, республикалық референдумды жоғары деңгейде өткізуге атсалысқан жерлестерімізге Президентіміздің Алғыс хаты мен "Барыс" төсбелгісін табыстаудамыз.

**Билығ жылдың 15 наурыз күні ел азаматтары жаңа Конституцияға арналған референдумға белсенді қатысып, мемлекетіміздің келешек тағдырын айқындады. Ақордада өткен салтанатты жиында Президент бүкіл халық атынан жаңа Ата заңға, «Конституцияны іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды. Халықтық Конституция 1 шілдеден бастап ресми түрде күшіне енеді. Енді жыл сайын 15 наурызда Конституция күні мемлекеттік мереке ретінде ұлттық деңгейде атап өтіледі.**

Бұл – Мемлекет басшымыздың Сыр өңірі халқына ыстық ықпалы, жерлестеріміздің еңбекқорлығы мен ұйымшылдығына берген лайықты бағасы. Ерекше қолдау бізді жаңа жетістіктерге жетелейді, еселенген жауапкершілік жүктейді.

Ұлттық жаңғыруымыздың жаңа кезеңіндегі референдумды өткізуге белсене қатысқандарыңыз үшін баршаныңа шынайы алғысымды, зор ризашылығымды білдіремін.

Егемен еліміздің жарқын болашағы жолындағы істеріміз табысты болсын! Елдігіміз еңселі, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

## ОСАЛ ТОПТАРГА БАСЫМДЫҚ БЕРІЛЕДІ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте халықты тұрғын үймен қамтамасыз етудегі мәселелер жан-жақты талқыланды.

Жиында қала аумағындағы тұрғын үй құрылысының қарқыны, кезекте тұрған азаматтардың жағдайы, тұрғын үй инфрақұрылымын дамыту мәселелері қаралды.

Аймақ басшысы тұрғын үйлерді белгіленген мерзімде, әрі сапалы етіп салуды, мердігер мекемелер жұмысын тұрақты бақылауды міндеттеді.

Сондай-ақ, үй кезегінде тұрған азаматтардың деректерін нақтылап, ашықтықты қамтамасыз ету, әлеуметтік жағынан осал топтарға басымдық беру қажеттігін атап өтті. Инженерлік-коммуникациялық желілерді уақытылы жүргізуді, жаңа тұрғын үйлерді пайдалануға беру мерзімін кешіктірмеуді қатаң тапсырды.

– «Құрылыс жұмыстары жоспар бойынша жүруі керек. Барлық жоба белгіленген мерзімде аяқталып, қаражат мақсатты жұмсалуды тиіс», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Ортасына Тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 8 мыңға жуық пәтер, кейінгі 3 жылда барлық ауданда алғаш рет жаңадан 1800-ге жуық пәтер табыстанды.

Өткен жылы 2 477 пәтерлік тұрғын үй салуға бюджеттен 36 млрд. теңге қаралса, биыл кезекте тұрған азаматтарға 2 400 пәтер табыстау үшін 55 млрд. 600 млн. теңге жоспарланған.

Соңғы жылдары қаламызда заманауи жаңа дизайнмен жеті, тоғыз және он екі қабатты тұрғын үйлер бой көтеруде.

## ҚАРҚЫНДЫ ҚҰРЫЛЫС...

Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мұрат Ерғешбаев, Мархабат Жайымбетов, облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов, қала әкімі Нұржан Ахатов Қызылордадағы құрылыс нысандарын аралады.

Алдымен сол жағалаудағы 300 төсектік көпбейінді аурухана және тұрғын үйлердің құрылыс барысымен танысты. Бір ауысымда 100 келушіні қабылдайтын емхана және 100 төсекке арналған онкологиялық бөлімшесі қарастырылған нысан 10 блоктан тұрады. Онда емхана, қабылдау, операциялық, реанимация, химиотерапия, радиология бөлімдері, әкімшілік, тамақтандыру және конференц залдары орналасады. 54,3 млрд. теңгенің жобасын «Мелиоратор» серіктестігі жүзеге асыруда. Қазіргі таңда монолит жұмыстары аяқталып, кірпішін қалау, инженерлік желілерді жүргізу жалғасуда. Құрылыс алаңында 300-ге жуық жұмысшы және 18 техника жұмылдырылған.

Олар әрі қарай Президент паркіндегі 9 қабатты 15 тұрғын үй, Ботаникалық бақ және балалар лагері, Rixos бес жұлдызды қонақүйінің құрылыс алаңына барды. Бүгінде 9 қабатты 15 тұрғын үйді «Мелиоратор» серіктестігі 8,2 гектар аумаққа салуда. Құрылыс біткенде 945 пәтер пайдалануға беріледі. Оның 135-і бір бөлмелі, 540-ы екі бөлмелі және 270-і үш бөлмелі пәтер.

Ботаникалық білім беру орталығының құрылысын «Alem Qurylus AQ» серіктестігі қолға алған. Орталық экологиялық білім беруге әрі демалысқа арналған.

300 орындық балалар лагерінің жобасы бойынша әкімшілік ғимарат, event-аймақ, 4 тұрғын корпус, қонақүй үлгісіндегі шағын ғимарат, 5 киіз үй, ашық бассейн, стадион, сахна, өзге де демалыс және техникалық нысандар салу көзделген.

«Қызылорда Арена» спорт кешенінің де құрылысы жалғасуда. Жобаның құны 20 млрд. теңгеден асады. Ке-



Сол жағалаудағы әрқайсысы 60 пәтерлік 10 тұрғын үйдің құрылысы да қарқынды. Жобаға 11,3 млрд. теңге бөлінген, 5 қабатты 7 үй және 9 қабатты 3 үй салынуда.

шенде олимпиадалық бассейн, спорт алаңдары және 150 орындық конференц-зал болады. Қазір мұнда 214 адам жұмыс істейді, инженерлік желілердің 90%-ы дайын.



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### «ҚАРМАҚШЫ АУДАНДЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІСІН ЖҮРГІЗУ ҮШІН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ БОЙЫНША КОНКУРСҚА ШЫҒАРЫЛАТЫН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗІМІ

№	Жер учаскесінің орналасқан орны	Жер учаскесінің көлемі, гектар	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Жер пайдалану құқығы	Топырақтың сипаттамасы	Алқаптардың құрамы	Бонитет баллы	Өңірдің ауылшаруашылығы мамандануы	Сумен қамтамасыз етілу мүмкіндігі
1	2	3	4	5	7	8	9	10	11
1	Қармақшы ауданы, «Ханқазған» өңірі	650,0 гектар	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Тақыр тәріздес өлсіз тұзданған орташа саздақты топырақ	Жайылымы 502,45 га Басқа алқаптары 147,55 га	балл	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Жоқ
2	Қармақшы ауданы, «Тегенбай» өңірі	200,0 гектар	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Өлсіз тұзды сұр қоңыр құмды топырақ жалды бұйратты бекіген құмдар	Жайылымы 154,6 га Басқа алқаптары 45,4 га	балл	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Жоқ
3	Қармақшы ауданы, «Бақанды» өңірі	1000,0 гектар	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Жалды бұйратты бекіген құмдар	Жайылымы 773,0 га Басқа алқаптары 227,0 га	балл	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Жоқ
4	Қармақшы ауданы, «Өтеген» өңірі	500,0 гектар	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 388,0 га Басқа алқаптары 112,0 га	балл	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Жоқ
5	Қармақшы ауданы, «Боқтыбай» өңірі	600,0 гектар	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 465,6 га Басқа алқаптары 134,4 га	балл	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Жоқ
6	Қармақшы ауданы, «Байжан» өңірі	230,0 гектар	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 178,0 га Басқа алқаптары 52,0 га	балл	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Жоқ
7	Қармақшы ауданы, «Бектібай» өңірі	1000,0 гектар	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 775,0 га Басқа алқаптары 225,0 га	балл	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Жоқ
8	Қармақшы ауданы, «Жиделі» өңірі	50,0 гектар	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 39,0 га Басқа алқаптары 11,0 га	балл	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Жоқ
9	Қармақшы ауданы, «Тайша» өңірі	150,0 гектар	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 116,0 га Басқа алқаптары 34,0 га	балл	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Жоқ
10	Қармақшы ауданы, «Ақкөл» өңірі	400,0 гектар	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 310,0 га Басқа алқаптары 90,0 га	балл	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Жоқ
11	Қармақшы ауданы, «Қаражаға» өңірі	50,0 гектар	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 39,0 га Басқа алқаптары 11,0 га	балл	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Жоқ
12	Қармақшы ауданы, «Дәуек» өңірі	300,0 гектар	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 233,0 га Басқа алқаптары 67,0 га	балл	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Жоқ
13	Қармақшы ауданы, «Кентай» өңірі	120,0 гектар	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 93,0 га Басқа алқаптары 27,0 га	балл	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Жоқ
14	Қармақшы ауданы, «Алтынасар» өңірі	500,0 гектар	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 376,0 га Басқа алқаптары 124,0 га	балл	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Жоқ
15	Қармақшы ауданы, «Қарабас» өңірі	200,0 гектар	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 150,0 га Басқа алқаптары 50,0 га	балл	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Жоқ
16	Қармақшы ауданы, «Байбақты» өңірі	150,0 гектар	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 113,0 га Басқа алқаптары 37,0 га	балл	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Жоқ
17	Қармақшы ауданы, «Турсынбай» өңірі	500,0 гектар	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 376,0 га Басқа алқаптары 124,0 га	балл	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Жоқ
18	Қармақшы ауданы, «Меней» өңірі	379,0 гектар	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 285,0 га Басқа алқаптары 94,0 га	балл	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Жоқ
19	Қармақшы ауданы, Ханқазған өңірі	300,0 гектар	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 226,0 га Басқа алқаптары 74,0 га	балл	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Жоқ
20	Қармақшы ауданы, «Дәуек» өңірі	200,0 гектар	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 150,0 га Басқа алқаптары 50,0 га	балл	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Жоқ
21	Қармақшы ауданы, «Шұрық» өңірі	200,0 гектар	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 155,0 га Басқа алқаптары 45,0 га	балл	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Жоқ
22	Қармақшы ауданы, «Қарадүзген қабақ» өңірі	100,0 гектар	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 77,6 га Басқа алқаптары 22,4 га	балл	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Жоқ
23	Қармақшы ауданы, «Калинин» өңірі,	150,0 гектар	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 116,4 га Басқа алқаптары 33,6 га	балл	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Жоқ
24	Қармақшы ауданы, «Көкшоқы» өңірі	200,0 гектар	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 155,0 га Басқа алқаптары 45,0 га	балл	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Жоқ

Конкурс Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 43-1 бабына және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Ораз Ахун көшесі, №44 мекен-жайда орналасқан «Қармақшы аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2026 жылғы «16» сәуір сағат 9:00 - ден бастап 2026 жылғы «29» сәуір сағат 19:00- ге дейін қабылданады.

Конкурс өткізу Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Т.Рысқұлов көшесі №2А мекен-жайындағы Қармақшы аудандық әкімдігінің мәжіліс залы 2026 жылы 30 сәуір күні сағат 10:00- де басталады.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың мақсатына сәйкес:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін - заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің - заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары

немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін - өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың мақсатына сәйкес заңды тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы

дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық ішкілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 7 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19893 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану қағидаларын және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №173 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 болып тіркелген) бекітілген Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртарапандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін

жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Конкурстық ұсынысты, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурстық қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде «шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс» және 2026 жылғы «30» сәуір күні сағат 10:00-ге дейін ашуға болмайды» (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Толық ақпаратты Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Ораз Ахун көшесі, №44 мекен-жайда орналасқан «Қармақшы аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен алуға болады. Байланыс тел/факс. 8(72437) 2-12-44.2-22-45.

# НАУРЫЗ ДАСТАРҚАН

## ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚТАР НАУРЫЗ КӨЖЕДЕН БАСҚА НЕ ӘЗІРЛЕГЕН?

**Көшпенділердің дастарқаны өмір сүру салтымен, қоршаған ортасымен және ауа райы құбылыстарымен тығыз астасып жататын. Бірақ дала дастарқанында тек ет пен сорпа болатын деу — тұтас бір мәдениетті жоққа шығарғанмен тең. Той-думан, мереке кезінде көшпенділер дастарқаны аста-төк жайылатын. Әсіресе жыл басы — Наурыз мейрамына ерекше дайындалатын. Алайда сол кездері қазаны бұрқ-сарқ қайнаған далалық өмірде наурыз көжеден басқа не дайындалатын еді? Этнограф Досымбек Қатыран Qalam-ға қазақтың аргы-бергі тарихындағы Наурыз мерекесінде дастарқанға не қойылғаны, арнайы қандай тағамдар дайындалғаны және мейрам тұсында ас-ауқатқа қатысты нендей жөн-жоралғылар атқарылғаны жайында айтып берді.**

## «КӨП КӨЖЕ», «АҚ СОРПА» ЖӘНЕЖЕТИ ӨЛШЕМ

Қазақ ұғымында қолданылатын жеті өлшемі «көп, берекелі» деген мағына беретінін көпшілік ескере бермейді. Осы тұрғыда жыл басы жеткенде халық арасында наурыз көжені «көп көже» деп те атайды. Жеті дәмнен тұруы тиіс деп есептелетін осы ғұрыптық тағамның негізінде төмендегілер болған: май, сүз, ет (жас ет пен сүз ет), ақ (сүт өнімдері — құрт, қатық, сүзбе т.б.), дән-дақылдар (бидай, арпа, тары, бұршақ т.б.) және көкөністер мен дәмдеуіштер (түйнек, бек, сарымсақ, пияз т.б.). «Көп көженің» бұлай аталуының екі себебі бар: бірі — көже көпке арналса, келесісі — әдеттегі тағамнан әлдеқайда мол әзірленуі. Оған соғымнан қалған арнайы сүз етті де, жас етті де қосу міндетті саналатын. Себебі мұның өзі ескі мен жаңаның алмасқанын, маусымның өзгеріске түскенін символдық тілде білдіретін.

Көшпенділер етті ұзақ уақыт бойы жас қалпында сақтаудың тәсілдерін жақсы меңгерген. Ең алдымен, соғым кезінде қой қатар сойылып, ет сорғыған соң, оны теріге орап көміп тастайтын. Сондай-ақ қойдың іш-құрылысын шығару үшін бір қарысқа жетер-жетпес етіп тесіп, іш-құрылысын

алған соң сол тұсын істікпен қайта көктеп қояды. Күздің соңғы айлары мен қыстың алғашқы айларында қой жүні қалың болатындықтан, оны қырқып, қысқартып, үйітуге дайындайды. Осы тәсілмен әбден үйітіліп, қырылып, тазаланған қой етін суығанша жарты күндей ұстап, сосын күн түсе бермейтін жаққа көміп, үстің қармен нығыздайтын. Тоң боп қатқан етті көктемде қазып алып, көжеге қосса, жаңа мен ескінің ауысқаны іспеттес үйлесім туады. Тіпті көктемде үйге өте сыйлы не жасы үлкен, қадірлі кісі түсе қалса, жас ет асып беріп, ризашылығын алу оңай еді. Қазақтың тұрмыс-тіршілігінде бұл тәсілдің ежелден келе жатқанын энеолит дәуіріне тән Ботай қонысының маңынан қазылған шұңқырлардың табылғаны дәлелдеп бере алады.

Ал көжеге айран, қатық қосқаны аққа аузы тигенін, қыстан мал-жанның аман-есен шыққанын білдіретін ежелгі символ еді. Соған орай осы дәм «ақ сорпа» деп те аталатын.

## НАУРЫЗ КӨЖЕНІҢ ҚҰДІРЕТІ НЕДЕ?

Жыл мезгілдері көшпелілер танымы бойынша суық және жылы деген екі маусымға бөлінеді. Күн

суықта ыстық райлы болатын жылқы және қой етін тұтынса, жаз мезгілі мен күз басында, мал суалғанға дейінгі аралықта негізінен ақ тағаммен (сүт өнімдері) қоректенген. Наурыз мерекесі екі маусымның аралығына дөп келгендіктен, негізгі, яғни ғұрыптық ас көже болатын.

Бұл дәстүрді бүгінде ғылымдағы этномедицина мен этногастрономия сияқты ұғымдар тарапынан қарастыруға болады. Өйткені олар адамның өмір сүріп келе жатқан географиясы, қоршаған ортасына сай қалыптасқан азық-түлік өнімдерін пайдаланудағы тәжірибесі мен халықтың ежелгі наным-сенімін ұштастыра қарастырады. Бұл тұрғыда адам ағзасына қажетті түрлі дәм тоғысқан, тез қорытылатын, қышқыл келетін наурыз көженің артықшылықтарын ескерген ләзім.

Соғымға әртүрлі түлік сойылатын, әрі қазіргідей тоңазытқыш пен мұздатқыш жоқ бұрынғы кезде дәстүрлі көшпелілер дәм сәйкестігіне қатысты нақты қағидаларды ұстанған. Осы тұрғыда Наурыз кезіндегі дәм сәйкестігін сақтау өте маңызды болды. Өйткені суық мезгілдің (қыс) өтіп, жылы мезгілдің (жаз) басталуы кезіндегі дәм сәйкестігі тіптен ерекше. Сондықтан әр маусым-мезгілге сай дәм сәйкестігі мен балансын сақтау тәжірибесі ғасырдан ғасырға жетіліп, жалғасып келді.

Мұны көктем кезінде адамға әртүрлі дәмнің, дәрумендердің қажет екенін ескеруден туған



Бие сүтінен май шайқаған қазақ әйелдері



Кептірулі етті аударып болған бала

құбылыс деп түсіну керек. Өйткені көже — жеңіл, сіңімді және құнарлы сұйық тағам. Көженің осы қасиетін білген халық арасында төмендегі өлең жолдары кең тараған:

Көже, көже көлкілдек,  
Көже келді көлкілдек.  
Егер көже болмаса,  
Кетер едік селкілдек.

Суық пен жылы мезгілдің ауысуын, соғымға сойылған мал етінің азая бастағанын, мал союға келмейтінін, мал төлдеп жатқанын, адам баласының денсаулығы өзгеріске түскенін және осы арқылы көктемгі қара суықты меңзейді.

## «МАЙ ҚОҢЫРСЫТУ» ҚАНДАЙ ДӘСТҮР?

Көшпелі халықта «май» ұғымы құттың, берекенің символы болғандықтан, дастарқанға алдымен май қойылатын. Отырықшы, егінші халықтарда берекенің, құттың нышаны — нан. Қалай десек те, көшпелі өмір салтында қуырылған бидай, тары бастаған дән-дақылдар дастарқаннан кеткен емес.

Алайда бидайды ұн етіп диірменге тарту соншалықты көп тарамағанымен, Наурыз

мерекесінде бауырсақ пісірілетін. Үлкен-кіші ыстық бауырсақ жеп, оны сарымайға шылап жеп, жырғап қалатын. Бауырсақты майға жүздіріп қуыратыны белгілі. Көне наным бойынша осы майдан шыққан иістен аруақтар қоректенеді-міс. Сол себептен наурыз мерекесі кезінде де «май қоңырсыту» маңызды бола түспек.

Бауырсақтың ең көлемдесін түйе бауырсақ деп атайды. Сондай-ақ домалақ бауырсақ та көлемі жағынан үлкен. Қыық бауырсақ деп үлкен етіп жазылған қамырды ұзынша төртбұрыштай кесіп пісіргенді айтады. Жіңішке ұзын — ши бауырсақ, шағын, кішкентай — құмалақ бауырсақ сияқты түрлері бар. Соңғысы көбіне жол жүргендерге, шөп шауып, мал отарлатқандарға пайдалы тамақ. Ол кеуіп қалса да, шайға салып жібітіп алып жеуге қолайлы.

## ТӘТТІДЕН ТОМЫРТҚАҒА ДЕЙІН

Ежелде Наурыз дастарқанына тапқан дәмнің бәрін қоюға тырысатын. Тәттілігі кәдімгі қанттан төмен болса да, мұзқант аталған науат та дастарқанның сәнін келтіретін. Ерте заманда аз да болса тәтті-көміп кездесетін. Бірде тәттіден ауыз тиген би «мынау өзі тәтті екен, жеген адамның мінезі қатты болар» деген екен. Осы жолдардан тәтті-көміптің соншалықты қадірлі болмағанын да аңғарамыз.

Наурыз кезіндегі ұмытылып бара жатқан тағамның бірі — шалжығар. Көктемгі қатқатқа, күн жылына бастаған наурыз мерекесінде аса құнарлы осы тағамды жасы келгендерге арнайы әзірлеп беретін. Өдетте құтпан малдың (пішірілмеген аталық мал) етін жастар жағы жеуіне тыйым салынады. Ұрық гормондары көп болатын мұндай өтке қошқар, серке, анда-санда сирек кезігетін айғыр, бұқаның етін мысалға келтіреміз. Сондықтан мұндай малды кәрі-құрттан үшін жұмсақ болуына қадағалай отырып, әзірлеп береді. Құнары мол тағамды жеген үлкендер жағы райымен қунап, сергіп қалатын.

Наурыз көжеге төркіндес келетін тағы бір тағам бар, ол томыртқа деп аталады. Қыс бойы жиналған сүйекті қапқа сала отырып жинап, оны ұзақ қайнатып сорпа жасайды. Жалпы, сорпа жақсы шығып, құнарлы болуы үшін сүйегі мол етті ұзақ қайнататыны белгілі. Сондай сорпаға мұз салып ішеді. Мұз оны суыту үшін ғана емес, сорпа аса құнарлы болғандықтан, оны жеңілдету үшін қосылатын.

## «ҰЗЫНСАРЫ»: УАҚЫТ ПА, ТАҒАМ БА?

Ұзынсары — көктем келіп, адамның ағзасы әлсірейтін шақ. Соғым етінің азая бастаған кезіне тұспа-тұс келіп, жылы мезгіл бірден келмей, күн райы аса жылып та кетпейді. Осы мезгілге арнап қап түбінде немесе кебежеде майлы еттен жілік сақтайтын. Сөйтіп, аяқ астынан келген жолаушыға, қадірлі қонаққа асып беретін. Өйткені бұл — қолдағы мал союға жарамайтын, әлі ет алып, семірмеген кез. Сондай-ақ ұзынсарыны о баста мал семіріп, союға жарағанға дейін күнделікті тіршілікте қолданатын азық ретінде сақтаған. Оған бірнеше жамбас, омыртқа, асық, ортан жіліктер және бірнеше қабырға кіретін. Бір асым ет қазақта «бір жілік» деп те аталады.

Етке қатысты Наурыз кезінде ұзынсарымен үндесетін шағын отбасылық, ауылдық мереке бар, оны «ет қаптар» деп атайды. Яғни қыс бойы кепкен етті арсадан түсіріп, тым кеуіп кетпес үшін шошаладағы қап не кебежеге салып қоятын. Наурызда жолшыбай келіп қалған адамға сыбаға беретін де дәстүр бар. Сонымен қатар оны жол жүріп кеткен сол отбасы мүшесінің келетін уақытына арнап сақтап та жатады. Мәселен, әскерге кеткен ұлына деп сақтаған бүтін қазыны кепкен соң арсадан түсіріп, екі жыл бойы қаптағы ұнға салып қойған. Бұл оның аса кеуіп кетпей жақсы сақталуын қамтамасыз ететін.

Qalamnan

## «ҰЛТТЫҚ ҚОР — БАЛАЛАРҒА»: 41,84 МЛН-НАН АСА АҚШ ДОЛЛАРЫ ТҰРҒЫН ҮЙ ЖӘНЕ БІЛІМ АЛУҒА БАҒЫТТАЛДЫ

2026 жылдың 1 наурызындағы жағдай бойынша 2024 жылғы 1 ақпаннан бастап нысаналы жинақ алу бойынша 252 842 өтініш орындалып, жалпы сомасы 41,84 миллиард АҚШ долларынан астам қаражат уәкілетті операторларға аударылды. Олар, өз кезегінде, қаражатты 18 жасқа толған өтініш беруші азаматтардың банктік шоттарына есептейді.

Оның ішінде тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында 26,35 млн. АҚШ долларына 158 774 өтініш, білім беру ақысын төлеу үшін 15,49 млн АҚШ долларына 94 068 өтініш қанағаттандырылды.

Естеріңізге сала кетейік, нысаналы жинақтарды алушы барлық соманы немесе оның бір бөлігін ғана пайдалануға құқылы, пайдаланылмаған сома нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) қалады.

Тұрғын үйді жақсартуға арналған қаражатты пайдаланудың ең танымал қосалқы мақсаттары: одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылысы жинақтарындағы салымды толықтыру (25,79 млн АҚШ долларына 1247 өтініш орындалды), тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарнаны енгізу — 193,16 мың АҚШ долларына 1247 өтініш, азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алу (түпкілікті есеп айырысу) — 134,32 мың АҚШ долларына 893 өтініш.

Білім беру ақысын төлеу шеңберіндегі ең танымал қосалқы мақсаттар: Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім

беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде бір мезгілде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (14,44 млн АҚШ долларына 86 258 өтініш орындалды), білім беруге жинақтау салымы туралы шарт бойынша білім беруге жинақтау салымын толықтыру (704,23 мың АҚШ долларына 5 402 өтініш орындалды), шетелдік білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде біржолғы (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеуге (280,81 мың АҚШ долларына 1 955 өтініш орындалды) төлем жасау.

Нысаналы жинақтарды тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алуға ақы төлеу мақсатында төлеу туралы уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісіндегі толық ақпаратпен enpf.kz сайтында танысуға болады.

Естеріңізге сала кетейік, 2025 жылдың қорытындысы бойынша қазақстандық бір балаға 130,71 АҚШ доллары кезекті есептеу жүргізілді. 2024 жылы — 129,38 АҚШ доллары, 2023 жылы — 100,52 АҚШ доллары мөлшерінде қаражат аударылған болатын.

18 жасқа дейінгі балаларға жыл сайын Ұлттық қордан бөлінетін сомалар олардың БЖЗҚ-да ашылған шоттарында ескерілетін нысаналы талаптар түрінде есептеледі. Бұл ретте, заңнамаға сәйкес, жас қазақстандықтарға есептелген сомалар Ұлттық қор активтерінің құрамында қалады және инвестициялануын жалғастырады.

Одан әрі инвестициялау нәтижесінде жыл сайын әрбір баланың нысаналы талаптарының сомасы алынған инвестициялық табыс есебінен қосымша өседі.

Нәтижесінде бағдарламаға қатысатын балада барлық жинақталған нысаналы талаптардың жиынтық сомасы (жыл сайын қосымша есептелетін инвестициялық кірісті қоса алғанда):

- үшінші жыл - 370 доллар 56 цент;
- екінші жыл - 263 доллар 93 цент;
- бірінші жыл қатысып отырған баланың шотында 130 доллар 71 цент.

Кәмелетке толған азаматтар өздерінің НЖ туралы ақпаратты БЖЗҚ-ның немесе электрондық үкіметтің интернет-ресурстарындағы жеке кабинет арқылы дербес алуы тиіс, содан кейін уәкілетті операторға АҚШ долларында банктік шот ашу және тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақысын төлеу үшін НЖ төлеміне онлайн-өтініш беру үшін жүгінуі тиіс.

- Бүгінгі күні уәкілетті операторлар:
- «Отбасы банкі» АҚ (тұрғын үй және білім алу ақысын төлеу);
  - «Халық банкі» АҚ (білім алу ақысын төлеу);
  - «Банк ЦентрКредит» АҚ (білім алу ақысын төлеу).

Нысаналы талаптарға қатысушы кәмелетке толмаған балалар және нысаналы жинақтарды кәмелетке толған алушылар бойынша, сондай-ақ нысаналы жинақтарды тұрғын үйге және (немесе) білім алуға пайдалану жөніндегі статистикамен enpf.kz сайтында танысуға болады.


## АҢ-ҚҰС АУЛАУШЫЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА

Аңшылық-адамзаттың көне дәстүрлерінің бірі. Бұрын ол күнкөріс көзі болса, қазіргі таңда табиғат аясында демалудың және ұлттық салтты сақтаудың бір түріне айналды. Дегенмен, аңшылықты ретсіз жүргізу табиғатқа зиян келтіру мүмкін. Сондықтан бүгінгі күні аң-құсты тек арнайы жолдама арқылы атуға рұқсат етіледі. Сонымен қатар аңшылық кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау маңызды. Аңшы тек рұқсат етілген жерде аң аулап, белгіленген мөлшерден аспауы тиіс. Қызыл кітапқа енген жануарларды атуға тыйым салынады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, аңшылық ережелерін бұзу жауапкершілікке әкеледі. Атап айтқанда Қазақстан Республикасының Әкімшілік Құқық Бұзушылық туралы Кодексінің 382 бабында заңсыз аң аулау үшін жауапкершілік қарастырылған. Әрбір заңсыз атылған аң, немесе құс үшін табиғатқа келтірілген зиян мөлшері міндетті түрде өндіріп алынады. Кей жағдайларда бұл сома өте жоғары болуы мүмкін. Көктем мезгілінде құс ату ережелерін қатаң сақтап, құс атуды белгіленген мерзімде тоқтату тиіс. Бұл ережелер жануарлар дүниесін сақтауға және табиғи тепе-теңдікті бұзбауға бағытталған. Әрбір аңшы заң талаптарын сақтап, табиғатқа жауапкершілікпен қарауы тиіс. Сонда ғана біз табиғатты келешек ұрпаққа аман жеткізе аламыз.

**«Қармақшы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ-сі.**

Кітапхана



# «СЫЗДАУЫҚ СЫЗЫ – СҰЙЫТЫЛҒАН ГАЗ»

Наразылықтың төртінші күні, сәрсенбі, 5 қаңтардың түс әлетінде Ақтау мен Жаңаөзендегі алаңдардың әрбіріне 10-20 мың қаралы адам топтасты, бір тәуір жері - олардың наразылық шаралары бейбітшілік сипатынан асқан жоқ. Жиналғандар бұл күнді артық қимылсыз тыптыныш өткізді, олар ара-тұра видеоарнаулар жазып, биліктің назарын өздеріне аударуға негізделген әрекеттер жасады. Дегенмен күннің ең басты жаңалығы Президент Алматы қаласы мен Маңғыстау облысы үшін кеше ендірген төтенше жағдайдың басталып кеткенінде болды. Ол 5 қаңтардан 19 қаңтарға дейінгі екі апталық кезеңді қамтиды.

6 қаңтарға қараған түні күллі Қазақстанда интернет 3-4 сағатқа ғана жұмыс істеді, содан кейін ол қайтадан өшіріліп тасталды. Бұл ахуал бұдан кейінгі бірнеше күн бойына осы қалпында қайталанып тұрды. Ақтау мен Жаңаөзен «төтенше жағдай» мәртебесінде тіршілік етіп жатқанымен, оларда наразылық акциясына қатысып жатқандар тарай қоймады. Олар қозғалысты жалғастыра берді. Осы күні Алматы мен Ақтөбедегі сияқты Ақтауда да әуежай жұмысын тоқтатты. Ақтау мен Жаңаөзенде келесі, 7 қаңтар күні де бейбіт митингілер бұрынғысынша жалғасты. Ал 8 қаңтар,

бұрын жермен-жекпен етеді» деген ащы кесім айтады. Энергетика министрлігі жексенбі күні түс ауа баспасөз хабарламасын таратты, онда бағаның өсуін сұйытылған газ өндірушілердің оны электронды сауда арқылы сатуға көшкенімен түсіндірді. Сірә, министр Мағұм Мырзағалиев осының өзі бәрін түсіндіріп тұр деп ойлайтын болса керек. Сосын да ол өзінің бұл түсіндірмесін оқыған көпшілік бірден ыңғайға қарай оңай жығылып: «А-а, бәріне кінәлі электронды сауда екен ғой! Бізге әу басынан бірден солай деп айтпайсыздар ма!» деп өкпе-назын білдіріп алып, артына үйлеріне тым-тырс тарап кете салады деп ойлағанға ұқсайды. Бірақ, неге екені белгісіз, ешкім де тұрған жерлерінен кете қойған жоқ», - деп жазды ол өзінің Facebook парақшасында.

Қазақстандық қаржы сарапшысы Андрей Чеботарев Маңғыстаудағы сұйытылған газдың бағасы республика деңгейімен алғанда, ең төменгі шек екенін атап өте келіп, оның алда «тек қымбаттай беретінін» алға тартады. «Бұл - бензинге ұқсас жағдаят, оны нарықта тым ұзақ уақыт бір деңгейде ұстап келді. Ал 2022 жылғы 1 қаңтардан сұйытылған мұнай газының саудасы 100 пайыз тауар биржалары арқылы өте бастады. Биржа саудасы жағдайында енді оның литрін

айналды. Жұрт осылайша елді 30 жылға жуық уақыт бойы үзіліссіз билеп-төстеген Нұрсұлтан Назарбаевтың 2019 жылдың наурызында ресми түрде президент орынтағынан кеткенімен, билік бишігінен ұзай қаймағанына да өз наразылығын білдіріп бақты. Қаңтардағы бас көтерулер бір жағы отыз жылдың орамында республиканы банкротқа ұшырауға жақындатып қалдырған бұрынғы лидердің қызметіне берілген бағаға, оны құзыреттілер тұғырынан аластатуға арналған қуатты қозғалысқа айналды.

Жасыратыны жоқ, елде президенттің ауысуына байланысты жұрттың көптен күткен реформалары арада үш жылға жуық уақыт өткенше шындап қолға алына қойған жоқ. Елдің қай саласында да бір тың лептің келгені іле байқалмады. Ал республиканы осындай халге дейін жеткізген экс-президент іс жүзінде бұрынғысынша билік басында қала берді. «Меніңше, Назарбаевтың Қазақстан халқымен жасасып алған өзіндік бір әлеуметтік келісімшарты болған сияқты. Жұрт оның режиміне ымырамен қарады, өйткені олар елдің жағдайы біршама болса да, жақсарып келе жатқанына сенді. Бірақ 2015 жылдан бастап экономикалық жағдай нашарлай бастады. Бұдан соңғы екі жылда - коронавирус пандемиясы кезінде - Қазақстанда

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ

# ҚАҢТАР ҚАҚТЫҒЫСЫ

## II-тарау

# ОҚИҒА ОРТАСЫНДА

«Қазір Ақтау қаласында түннің жарымы болды, бірақ наразылық акциясына қатысушылар өкімдіктен [қала өкімшілігі] кететін емес. Мұнда орталық алаңға жиналғандарды жергілікті тұрғындардың белсенді әрекетімен тамақтандыру жұмыстары жақсы ұйымдастырылған, осы үшін алаңға арнайы шатырлар тігіліп қойылған», - деп жазды осыған орай ресейлік «Интерфакс» агенттігі.

Жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған видеодан аян болғандай ереуілшілер қалалық өкімдік алдына киіз үй тіккен. Олар осының негізінде шеруде жүргендерді тәулік бойы сумен және азық-түлікпен риясыз қамтамасыз етіп отырмыз деп мәлімдеген. Сол мезет «Қазақстанда мыңдаған тіпті он мыңдаған адам «Шал, кет!» деген ұранның аясында бейбіт наразылық шерулерін өткізуде, олардың мұнысы диктатор Назарбаевтың шұғыл түрде өзінің барлық достарымен бірге отставкаға кетулері керектігін білдіреді», - деген жазба қалдырды тағы бір белсенді Twitter-де алаңның адамдарға толы видеосын жариялай отырып.

Осы сәт жергілікті билік шерушілерден заңның шеңберінен аттап кетіп, оны өрескел бұзбауды ғана өтінді. Бірақ қызынып алған халық та, олардың әрекеттеріне іштері қазандай қыз-қыз қайнап, өшпенділіктерін өшіре алмай тұрған тәртіп сақшылары да бұл шекті шеңберді ұзақ ұстауға қауқарсызда көрінді. Екі ортадағы шекара шебін кімнің бірінші болып бұзып өтіп, кімнің қасақана арандату қимылдарына қол салғандарын қазір ажыратып, айқын етіп айтып беру қиын, алайда бұған екі жақтың да өмісе дайын болғандары шүбәсіз екенін де пайымдау қиын емес. Мәселен, заңгер Бота Жәрдемәлі әлеуметтік желіде жарияланған видеодан Атырау қаласының бір мүйісінде ереуілшілер мен полиция қызметкерлерінің бірде-бірі қарсы жақты аяғалы тұрмағандарын байқауға болады. Қолдарына деңбек ұстаған полицейлер алды-артына келіп қалған кез келген адамға құлаштарын еркін сермеп жатыр.

Маңғыстау өңірін жаппай шырмал алған наразылық толқынының екпіні осы тұста көрші облыстарды да шарли бастады. Атап айтқанда Атырау, Орал, Ақтөбе қалаларында мыңдаған адам қатысқан шерулер болды. Атыраудағы «Аламан» базарының маңына жиналған 5 мыңға жуық адам топ-топқа бөлініп, Исатай мен Махамбет алаңына қарай беттеді. Қалада шерушілер мен олардың өтуіне тосқауыл қоюға тырысқан қауіпсіздік күштері арасында қақтығыс орын алды. Құлсарыда наразылықтар жалғасты, Индер мен Индерборда Жаңаөзен жамағатының талабын қолдаған митингілер өтті, сол сәтте «Теніз-шевройл» ірі мұнай консорциумы қосалқы мердігерлік ұйымдары жұмысшыларының бір бөлігі ереуілшілерге қосылды. Оралда 80-ге жуық көлік иелері қалалық өкімдік ғимаратының жанында бас қосты. Ал «Дина» гипермаркетінің жанына 500-ге жуық адам жиналып, орталық алаңға қарай жөңкілді. Полицейлер сол бойда шерушілерді шу мен от шашқы гранаталар арқылы қуға кірісті.

сенбі күні бұл екі қалада да соңғы митингілердің өтіп жатқаны белгілі болып қалды. Осы күні олардағы шерушілер киіз үйлері мен шатырларын жығып, өздері көп күн мекен еткен орындарын жинастырып, үйлеріне қайта бастады. Осылайша қасіретті Қаңтар оқиғалары күндері жиындары мен шерулерін барынша бейбіт қалыпта, жоғары мәдениет жағдайында өткізген маңғыстаулықтар эстафета таяқшасын республиканың басқа ірі қалалары мен өңірлеріне тапсырып, көп күндік марафондарын абыроймен аяқтады. Ал Қаңтар оқиғасын қайғы мен қасіреттің өзегіне айналдырып жіберетін барлық бұліншілік пен бұзақылық, қиратушылық пен тонаушылық, кісі өлтірушілік пен қаскөйлік, сатқындық пен салдақылық сол өзге өлкелерде өркен жайды.

Ал әлеуметтік желілерде сол күндері болып жатқан оқиғаларға орай мәселе көтерген кейбір сарапшылар, саясаттанушылар, журналистер мен тұтынушылар, негізінен ел билігін «сауатсыз менеджмент» деп айыптады. Сол топтағылардың алдыңғы сапында қаржы мамандарының бірі, «Әсет Наурызбаев сұйытылған газ бағасының нарықта қалай жұмыс істейтінін өз тарапынан түсіндіріп берді. Ол алдымен Энергетика министрлігінің 2 қаңтар күні жарияланған «2022 жылдың 1 қаңтарынан сұйытылған газ саудасының 100 пайыз тауар биржалары арқылы жүзеге асырылатыны» жайлы хабарына тоқталды. «Сіз сауда алаңдары қалай жұмыс істейтінін білесіз бе? Қазақстан нарқында сауда-саттық енді ашылып жатқан мезетте брокерлер ережеге сай рұқсат етілген ең жоғары бағадағы алғашқы лотты сатып алуға үлгеріп қалу үшін Enter пернетақтасын тездетіп басып қалады. Осыдан соң сауда-саттық мөрігі келесі жолға дейін жабылады. Газды ең әбжіл саусақтар алып қояды. Ал сатып алушылар арасында кездейсоқ жағдайда лоттарды өзара бөлісе салу оңайға түсер еді, - деп жазды ол өзінің Facebook-тегі парақшасында. - Бағаға келсек, оны ішкі нарыққа бөлінген квоталардың тым аздығы бірден жоғары көтеріп жібереді. Квоталарды есептеумен, елбетте, айтпай-ақ аян, Энергетика министрлігінің өзі айналысады (бізде мұны бұлардан басқа кім соншалықты сауатсыз атқарады?). Ал бізді бұл жерде сала қауымдастығының енжарлығы мен үнсіздігі қайран қалдырады - нарықтың дені сау ойыншылары дәл мұндай министрлікті әлдеқашан-ақ ішек-қарныммен қоса жұтып қойған болар еді».

Осы ретте қалыптасып отырған ахуалға Энергетика министрлігінің беріп отырған ресми жауаптарына жағасын ұстаған журналист Вадим Борейко «Бұл елді нақұрыстар жемқорлықтан да

қайтадан 60 теңгеге оралту - кемітіп айтқанда да, таңғаларлық жайт (шыын мәнінде ақымақтық)», - деп жазды автор өзінің telegram-арнасында жариялаған шолуында. Ол бұған Қазақстанның көптен бері «шеңберінде ешқандай бағаны, биржа тауарларын тіпті де реттеу мүмкін емес нарық жағдайында өмір сүріп келе жатқанын» қосты. Үкіметтің газ бағасын түсіру жөніндегі жаңалығын естігеннен кейін автор өзінің арнасында биліктің бұлай «беріле салғанына» таңдай қағып отырғанын атап өтті. «Егер құнның өсуі биржада жасалған болса, сонда баға кімнің есебінен төмендетілгелі отыр? Шамасы, шеруді ұйымдастырушылар үшін бұл артық ақыны қалған жұрт жабылып төлейтін болған-ау?» деген түйін түйеді соңында сарапшы.

Саясаттанушы Досым Сәтбаев өз кезегінде газ бағасының елдегі жоғары инфляция аясында күрт өсіп кетіп, жұрттың отбасылық бюджетіне қосымша салмақ алып келгеніне назар аударды. Оның пікірінше, бұдан кейін «елде наразылық көңіл күй ауаны сақталып қана қоймайды, ол сонымен қатар қазақстандық қоғамның өртүрлі топтарында да күш алып, өртүрлі ауқымдағы және өртүрлі себепті қақтығыстарды туындатуы мүмкін». «Өмір тәжірибесі көрсеткендей, әлеуметтік бұырқаныс кез келген сәтте, өртүрлі қатысушылар құрамымен, кез-келген себеппен, ең бастысы, осыған ерік беретін қолайлы жағдай пайда бола қалғанда бұрқ ете түсуі ықтимал. Ал егер Жаңаөзеннің келешегіне көз жүгіртер болсақ, 2030 жылға қарай кен орындары тұралап, мұнай өндіру көлемінің қысқаруы өңірде жұмыссыздықтың бұдан бетер өсе түсуіне, нәтижесінде әлеуметтік шиеленістің жаңа толқынын тудыруға әкеліп жеткізуі мүмкін», - деп жазды қоғам қайраткері.

Негізі Жаңаөзендегі наразылық нөпірінің де алдын алуға болатын еді. Бәрі мұндағы жергілікті халықтың хал-ахуалын алдын ала байқап көрмегеннен, оны ұдайы назарда ұстап отырмағандықтан болды. Өйткенмен мұны әлдекімдер әдейі осындай ахуалға жеткізгенін де жоққа шығара алмаймыз. «Әдеттегідей Үкімет азаматтардың қанағаттанғандық сезімдері мен төзімділіктерін асыра бағалады», - деп атап өтті Мәскеудегі Карнеги орталығының сарапшысы Александр Баунов осы ретте. Оның бұлай деуіне де себеп бар-тын. Тегі, Жаңаөзенде бұдан бұрынғы жылдардағы бас көтерулерді былай қойғанда, тап осы жолғы наразылық акциясының бастапқы увертюрасы іспеттес шағын шерулер мен жиындар 2021 жылы-ақ өртүрлі себептермен басталып кеткенді. Сол ашу-ыза, өкпе-наз біртіндеп жинақтала келіп, халықтың кең ауқымды тобынын аузынан «Шал, кет!» деген ұран болып шығып, аса қауіпті қарсылық қозғалысына

инфляция өте жоғары деңгейге жетті», - дейді Британия Корольдік институтының сарапшысы Кейт Маллинсон. Оның ойынша, соңғы жылдары билікке наразылар қатары айрықша көбейіп кеткен. Себебі, бұрынғы президент Назарбаевтың «әуелі – экономика, сосын - саясат» деген ұстанымы босқа айтылған жай сүйейсалды сөз болып шықты, ол мүлде жұмыс істемеді, осыдан келіп, экономика да күйреді, қоғамдық келісім де құрдымға кетті. Ел мұның екеуінен де жақсы жағына қарай қарыштай қадам басқан өзгерістерді көріп отырған жоқ.

Осы жерде Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы тарихында ең ұзақ та ауқымды қарсылық қозғалысының тап осы Жаңаөзенде 2011 жылы болып өткені еске түседі. Бұған облыс аумағында мұнай мен газ кен орындары көп болғанына қарамастан, жергілікті тұрғындардың тұрмыс жағдайы төменді, олардың жалақыны елдің орта көрсеткішінен аз алатындығы, жұмыссыздық деңгейінің өте жоғарылығы, азық-түлік өнімдері мен бірқатар тұтыным заттарының қымбаттығы алып барды. Бірнеше айға созылған шеру соңында күштік құрылымдар бейбіт халыққа оқ жаудырып, 18 адамның қаза табуы мен 100-ден аса адамның өртүрлі деңгейде жарақат алып қалуларына себепкерлік етті.

Содан кейін бұл қанды оқиғаның жаңғырығы халықтың көкейінде сол қалпы қалып қойды. Оның жуыр маңда жадтан кете қоятынына да сену қиын. Сол себепті бұдан кейін билік бұл қалаға келгенде, барынша абай болуға тырысты. Кейбір саясаттанушылардың айтуларына Тоқаев та Жаңаөзенде бұдан он жылдан астам уақыт бұрын өрбіген сценарийге ұрынып қалмауға қатты тырысқан. Бұл жерде ол үшін тек биліктің заңдылығын сақтау мен өзіннің саяси рейтингісін көтеру бәрінен де маңызды болған. Бәлкім, содан да шығар, билік бұл жолы мұнда мейлінше сақтықпен жұмыс істеді. Мұны шетел саясаттанушылары аңғармай қалмапты. Билік өзирге, - мұндайда кідірмей Батысты айыптап шыға келетін Ресей немесе Беларусь сияқты емес, - наразылық қозғалыстары үшін өзінің жеке меншік Үкіметін айыптап отыр, - деп атап өтті аналитик Александр Баунов. - Қашаннан Ресейдің Батыспен арадағы текетіресіне қосыла кетуден бойларын аулақ ұстайтын қазақтар Лукашенконың ойланбай айта салатынындай емес, нағыз нақты дұрыс нәрсеге қолдау көрсетіп, Батыспен де, Ресеймен де (Қытаймен де) достық қатынаста болып, - белорус билігі сияқты бұл қарама-қайшылықты өз пайдасына жарата салуға тырысудың орнына, - тепе-теңдікті ұстап тұруға ұмтылады».

Бізді де осы жағдаят сүйсінтті. Алайда бұдан кейінгі қалаларда жағдай көп өзгеріп кетті. Жалпы Қаңтар оқиғасы Қазақстанның 19 қаласы мен 16 елді мекеніне жайылды. Маңғыстауда қарсылық қозғалысы мәресіне жетіп жатқан шақта өзге өңірлерде, әсіресе, өңтүстік аймақтарда наразылық қимылдары өзінің шарықтау шегінде тұр еді.

(Жалғасы бар)

# ТАЛАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТАР НЕГЕ КӨРІНБЕЙДІ?

## «Ұлттық қор–балаларға» бағдарламасына қатысушылардың

### занды өкілдеріне арналған нысаналы талаптар мен жинақтарға қатысты ақпарат

Занды өкілдер тарапынан eGov.kz электрондық үкімет порталындағы жеке кабинетте, сондай-ақ eGovMobile және екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшаларында 2025 есепті жылы балаларына есептелген нысаналы талаптар туралы ақпараттың көрсетілмеуі мәселесі бойынша өтініштердің түсуіне орай БЖЗҚ аталған жағдай келесі себептерге байланысты болуы мүмкін екенін хабарлайды:

**1. Мобильді қосымшаларда құжаттар жаңартылмаған.** Ақпараттың дұрыс көрсетілуі үшін келесі амалды орындау қажет:

- eGov Mobile қосымшасында: «цифрлық құжаттар» - «отбасы» - «құжаттар тізімін жаңарту» - «Ұлттық қордан есептеулер»;
- екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшаларында, мысалы Kaspi.kz: Мемлекеттік қызметтер « - «барлық құжаттар» - «құжаттар тізімін жаңарту» - «Ұлттық қордан есептеулер».

**2. Биыл 18 жасқа толған немесе толатын балаларға нысаналы талаптарды есептеу туралы мәліметтер көрінбейді.** Бұл жағдайда ақпарат заңды өкілдің жеке кабинетінде көрсетілмейді, себебі нысаналы талаптар

нысаналы жинақтар (НЖ) мәртебесіне ие болды және енді НЖ туралы мәліметтерге қол жеткізу құқығы оларды алушыға (2026 жылы 18 жасқа толған немесе толатын азамат) тікелей қолжетімді болады.

Естеріңізге сала кетейік, есепті жылы 18 жасқа толатын азаматтардың нысаналы талаптары НЖ-ға айналады және жыл басында олардың БЖЗҚ-дағы нысаналы жинақтау шоттарына (НЖШ) автоматты түрде АҚШ долларымен есептеледі. 18 жасқа толған күннен бастап жастар өздерінің нысаналы жинақтарын тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және/немесе білім алуға

пайдалануға немесе болашаққа зейнетақы жинақтары ретінде сақтауға құқылы.

Бұл ретте НЖ алушылар өздерінің НЖ туралы ақпаратты БЖЗҚ-ның немесе электрондық үкіметтің интернет-ресурстарындағы жеке кабинеті арқылы өздері алуға тиіс. БЖЗҚ қазақстандық заңнамаға сәйкес НЖШ-дағы қалдықтар мен ақша қозғалысы туралы мәліметтерді қоса алғанда, НЖ құпиялылығына кепілдік береді.

БЖЗҚ балалардың заңды өкілдеріне цифрлық құжаттарды мобильді қосымшаларда уақытылы жаңарту, сондай-ақ көмелетке толған аза-

маттарға НЖ туралы ақпаратқа оны пайдаланушылардың өздері ғана қол жеткізе алатындығын түсіндіру қажет екенін еске салады.

Баланың бағдарламаға қатысу фактісі және 18 жасқа дейінгі балаларға есептелген нысаналы талаптар туралы ақпаратты көмелетке толмаған азаматтың ата-аналары немесе басқа да заңды өкілдері баланың ЖСН бойынша kids.enprof.kz сайтынан тексері алады, мұнда бағдарламаның шарттарымен, нұсқаулықтармен, сондай-ақ қызықтырған сұрақтардың жауаптарымен танысуға мүмкіндік бар.

Сұрағым бар...

## ОТБАСЫНЫҢ ҚАНДАЙ ТАБЫСЫ ТҰРҒЫН ҮЙ ЖӘРДЕМАҚЫСЫН АНЫҚТАУ КЕЗІНДЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ?

Қаражат алатын кез келген ақпарат көздері – жалақы, зейнетақы, алимент, жәрдемақы және жеке қосалқы шаруашылықтан алынған табыстар немесе саяжай учаскесі кіріске есептеледі.

Тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсанда жеке жағдайлар мен жерлеуге, бала тууына байланысты біржолғы жәрдемақылар, аз қамтамасыз етілген балаларға қаржылай және материалдық көмек те ескеріледі.

Отбасының барлық мүшелерінің табыстары ескеріледі.

## ДӘРІХАНАНЫ ҚАЛАЙ АШУҒА БОЛАДЫ?

Дәріхана ашу үшін сізге заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер ретінде тіркелу, сондай-ақ фармацевтикалық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алу қажет. Лицензия алу үшін штатта тиісті медициналық білімі бар қызметкерлер болуы қажет.

Дәріхананы ашқан кезде санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды басшылыққа алу, сондай-ақ орынжайды қажетті медициналық жабдықтармен және құзеттік/өртке қарсы сигнализациясымен жабдықтау қажет.

## БАЛАЛАРҒА ҚАНДАЙ МЕРЗІМДЕ ЕГУ ЖАСАУ ҰСЫНЫЛАДЫ?

Профилактикалық егуді жүргізу мерзімдері ғылыми деректермен негізделген және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған.

**Бірінші** – перзентханада, өмірінің 1-4 күндері – туберкулезден (БЦЖ) және В гепатитінен егулер жасайды.

**ВАКЦИНАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

Профилактикалық егулерді жүргізу үшін Қазақстан Республикасында тіркелген және қолдануға рұқсат етілген вакциналар пайдаланылады. Мемлекеттік тіркеуді және сертификатты беруді дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы жүргізеді.

Вакцинаның елеулі жанама әсері туралы хабарламалар ДДҰ деректер базасына беріледі.

Қазақстанда тіркелген вакциналар туралы толық ақпарат дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау Ұлттық орталығының сайтында “Мемлекеттік тізілім бөлімінде орналастырылады.

Сондай-ақ Қазақстанда тіркелген дәрі-дәрмектер, соның ішінде вакциналар туралы ақпаратты [Darikz](#) мобильдік қосымшасы арқылы алуға болады.

## ЕҢБЕККЕ ЖАРАМСЫЗДЫҚ ЖӘРДЕМАҚЫСЫ ҚАНДАЙ?

Жұмыскерге еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша әлеуметтік жәрдемақы (жәрдемақы) жұмыс беруші өз қаражаты есебінен төлейді. Жәрдемақы тағайындау және төлеу негіздері еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ болып табылады.

Еңбекке уақытша жарамсыздық туралы параққа төмендегілерді тапсыру керек: еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақта көрсетілген жұмыстан босатылған күні, немесе оның аяқталғанына дейін.

Жәрдемақы еңбекке жарамсыздықтың 1-күннен бастап еңбекке жарамсыздығын қалпына келтіру күніне дейін немесе мүгедектілігін анықтауына дейін төленеді.

Жәрдемақы еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақта көрсетілген кезеңіне және еңбекақы төлеу мерзіміне төленеді.

Жәрдемақы егер адам бірнеше жұмыс берушілерде жұмыс істеген болса, әрбір жұмыс орны бойынша тағайындалады және төленеді.

Жұмыскер өтінішті жіберу кезінде жәрдемақыны төмендегілер ала алады: тиісті сенімхат негізінде сенімді адам; заңды өкіл.

## ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДА ЖӘРДЕМАҚЫ ТӨЛЕМЕЙДІ?

Жәрдемақы төмендегілерге төленбейді:

заңды күшіне енген сот үкімімен кінәлі екендігі анықталған жағдайда, қылмыстық құқық бұзушылық жасау кезінде алған жарақаттарының салдарынан еңбекке уақытша қабілетсіздігі туындаған жағдайда;

соттың ұйғарымы бойынша жұмыскерді мәжбүрлеп емдеген (психикалық науқастардан басқа) уақыт үшін;

заңды күшіне енген сот үкімімен немесе қаулысымен жұмыскердің кінәлі екені анықталған жағдайда, ол қамауда болған уақыт үшін және сот-медициналық сараптама жасалған уақыт үшін;

## СКРИНИНГТЕН КІМ ЖӘНЕ ҚАШАН ӨТУ КЕРЕК?

Скрининг-бұл тәуекел факторлары мен ауруларды ерте сатыларда анықтау үшін белгілі бір жастағы сау адамдарды профилактикалық медициналық тексеру.

Скринингтік тексерулер ауруды ерте кезеңде немесе оған бейімділікті анықтауға, оңтайлы емдеуді таңдауға және профилактикалық шаралар кешенін тағайындауға көмектеседі. Скринингтік зерттеулер тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) шеңберінде жүргізіледі.

Скринингтер белгілі бір аурулар үшін және белгілі бір жас топтары үшін жүргізіледі. Скрининг 2 жас санатында жүргізіледі:

**1. 0-ден 18 жасқа дейінгі балалар.** Балалар жыл сайын көмелетке толғанға дейін профилактикалық тексеруден өтеді. Мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиеленушілерін, мектеп оқушыларын, орта арнаулы оқу орындарының оқушыларын және 18 жасқа дейінгі студенттерді білім беру ұйымдарындағы көшпелі бригада тексереді. Мектепке дейінгі мекемелерге бармайтын балаларды тексеру емханада немесе отбасылық денсаулық орталығында жүргізіледі.

**2. 40 жасан 76 жасқа дейінгі ересектер.** Тексеруден өтіп, тіпті абсолютті болмауы қандай да бір белгілері – тек сенімділік үшін өзінің денсаулығы. Скринингтер толығымен тегін. Профилактикалық тексерулерді қаржыландыру МӘМС қаражаты есебінен жүзеге асырылады, сондықтан скринингтен өту үшін сақтандырылу мәртебесіне ие болу қажет.

Скринингті учаскелік медбикенің шақыруы бойынша да, тіркелген жері бойынша емханаға өз бетінше жүгіну арқылы да өтуге болады. Өзіңізбен бірге жеке куәлігіңіз болуы керек. Белгіленген скринингтік зерттеулерден өту үшін қызметкер орташа жалақысын сақтай отырып, әлеуметтік демалыс құқығын (толық немесе ішінара 3 күн) пайдалана алады.

## КІМГЕ ТҰРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІН КӨРСЕТУДЕН БАС ТАРТАДЫ?

Коммуналдық қызметтерді төлеуге тұрғын үй көмегі:

1. бір бірліктен артық тұрғын үйдің болуы;
- 2) құжаттар топтамасының толық болмауы;
- 3) тұрғын үйге тіркелген құқықтардың болмауы;
- 4) меншік иесінің тұрғылықты жері бойынша тіркелмеуі;
- 5) отбасы мүшелерінің тұрғылықты жері бойынша тіркелмеуі;
- 6) табыстың артуы;
- 7) анық емес деректер болған жағдайда берілмейді.

**2 айда** балалар гепатитке, полиомиелитке, көкжөтелге, дифтерияға және сіреспеге (АБҚДС) және В типті гемофильді инфекцияға қарсы кешенді егуді, сондай-ақ пневмококк инфекциясына қарсы вакцинация алады.

**3 айда** көкжөтел, дифтерия және сіреспе (АБҚДС), полиомиелит және В типті гемофильді инфекциядан қайталап егулер жасалады.

**Бір жасқа дейінгі соңғы екпелер – 4 айда** – гепатиттен, полиомиелиттен, b типті гемофильді инфекция және көкжөтел, дифтериядан және сіреспеден вакцинациялаудың 3-кезеңі, сондай-ақ пневмококктық инфекциядан 2-ші егу.

**12-15 ай жасында** қызылшаға, қызамыққа және паротитке (шошқаборыққа) екпе жасау, полиомиелиттен және пневмококктық инфекциядан вакциналауды қайталау керек;

**1,5 жаста** – АБҚДС, полиомиелит және b типті гемофильді инфекция ревакцинациясы. **2 жаста** және **2,5 жаста** А гепатитіне қарсы вакцинация; тағы бірнеше екпе мектеп жасындағы балаларды күтуде.

**6 жаста (1 сыныпта)** қызылшаға, қызамыққа және паротитке қарсы және АБҚДС егу жасалады;

**11 жаста** және **11,5 жаста** адам папилломасы вирусына қарсы;

**16 жаста** – сіреспе мен дифтериядан (АДС-м) егу, оны одан әрі әр 10 жыл сайын қайталауға болады.

## ЛОМБАРДТАҒЫ ҚАРЫЗ КРЕДИТТІК ТАРИХҚА ӘСЕР ЕТЕ МЕ?

Ломбардтан ресімделген қарыз кредит немесе ипотека алуға кедергі болмайды, алайда ол қаржы ұйымының шешіміне әсер етуі мүмкін.

Өтінімді қарау кезінде банктер мен микроқаржы ұйымдары қарыз алушының қаржылық жағдайын және оның қарыздарын өтеу қабілетін бағалайды. Кредиттік тарих мен борыш жүктемесінің деңгейі маңызды рөл атқарады.

Егер қарыз алушының ломбард алдында мерзімі өткен бөренеші болса, бұл мақұлдау мүмкіндігін азайтады. Мұндай міндеттемелер борыш жүктемесін есептеу кезінде басқа кредиттермен және микрокредиттермен тең ескеріледі.

Ломбардтар қарыздар туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беруге міндетті, себебі мұндай қарыздар басқа қарыздарға ұқсас, ақылылық, мерзімділік және қайтарымылық шарттарында беріледі.

Егер қарыз алушы микрокредитті уақытында өтемесе, ломбард кепілге қойылған мүлікті кемінде 30 күн



сақтауға міндетті. Осы кезеңде қарыз алушы қарызды төлеп, өз затын қайтара алады.

Осы мерзім өткеннен кейін ломбард кепілді сатуға не оны өз меншігіне ресімдеуге құқылы. Нәтижесінде ломбардтағы заттарды кепілге қою туралы шарт және микрокредит беру туралы шарт өз қолданысын тоқтатады.

Қарыздың тоқтатылу фактісін кепілді сату актісі немесе оны ломбардтың меншігіне айналдыру туралы шешім және қарызды өтеу туралы анықтама сияқты құжаттар растайды.

Кредит беру туралы шешімді банк немесе микроқаржы ұйымы заңнамалық талаптарды ескере отырып, сондай-ақ өзінің ішкі кредиттік саясатына, қарыз алушының төлем қабілеттілігін бағалауға және қабылданатын тәуекелдер деңгейіне сәйкес дербес қабылдайтынын назарға алу қажет.

## ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАСЫ ҮШІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚАНДАЙ?

Автомобильді, троллейбусты, трамвайды не басқа да механикалық көлік құралын басқаратын адамның жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын абайсызда адамның денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтіруге әкеп соққан бұзуы белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан 2 жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, 160 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 160 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не 40 тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады

Абайсызда адамның денсаулығына ауыр зиян келтіруге әкеп соққан дәл сол іс-әрекет белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан 3 жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, 2000 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 600 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Абайсызда адам өліміне әкеп соққан іс-әрекет белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан 5 жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Абайсызда 2 немесе одан да көп адамның өліміне әкеп соққан іс-әрекет белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан 7 жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, 5 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

## КРЕДИТТЕРДЕН ЕРІКТІ ТҮРДЕ БАС ТARTY: «СТОП-КРЕДИТ» ТЕТІГІ ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

Қаржылық алаяқтықтан қорғау үшін қарыздарды ресімдеуден ерікті түрде бас тарту қызметі қолданылады. Әрбір азамат банктік кредиттер мен микрокредиттер алуға тыйым сала алады. Қызмет порталда және E-gov мобильді қосымшасында қолжетімді.

Қызметті компьютерден іске қою үшін egov.kz сайтындағы жеке кабинетке кіру, «Сервистер» бөлімін ашу, «Банктік қарыздарды, микрокредиттерді алудан ерікті түрде бас тарту» бөлімін таңдау, электрондық нысанды толтыру және ЭЦҚ өтінішіне қол қою қажет, нәтижесі «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде көрсетіледі.

Қызметті E-gov мобильді қосымшасы арқылы да пайдалануға болады. «Қызметтер» бөлімінде «Салықтар мен қаржыны» таңдау қажет, одан әрі «Кредит алудан ерікті түрде бас тарту» қызметін таңдау қажет. Осыдан кейін деректерді толтырып, сұрау салуды электрондық түрде растау қажет.

Қызмет белсендірілгеннен кейін кредиттік тарихта **қарыз алудан бас тарту туралы белгі пайда болады**. Кредиттік бюроларға жүгінетін банктер мен микроқаржы ұйымдарына осы ақпарат қолжетімді болады. Кредитке өтінім түскен жағдайда қаржы ұйымдары беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды. Егер белгіленген тыйым салуға қарамастан, қарыз сіздің келісіміңізсіз ресімделсе, онда ол есептен шығарылуға жатады.

Қажет болған жағдайда **қызметті** кез келген уақытта **өшіруге болады**. Бұл шектеу кредиттік бюроларды пайдаланбайтын ломбардтар мен басқа да ұйымдарға қарыз алушыларды тексеру үшін қолданылмайтынын атап өту қажет.

2026 жылғы 16 наурыздағы жағдай бойынша банктік қарыздар мен микрокредиттер алудан ерікті түрде бас тарту құқығын - «Стоп-кредит» сервисін Қазақстанда **5,1 млн. азамат** пайдаланды.

## ҚАНДАЙ БАЛАНЫ АСЫРАП АЛУҒА РҰҚСАТ ЕТІЛЕДІ?

“Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы” кодексіне сәй:

Жалғыз ата-анасы немесе екеуі де:

- қайтыс болған;
- баладан бас тартқан;
- ата-ана құқықтарынан айрылған және олар қалпына келтірілмеген;
- туыстарына, асырап алынатын баланың (балалардың) анасымен немесе әкесімен некеде (ерлі-зайыптылықта) тұратын адамдарға баланы асырап алуға келісім берген;
- сот тәртібімен әрекетке қабілетсіз, хабар-ошарсыз кеткен деп танылған немесе қайтыс болған деп жарияланған;
- белгісіз болған жағдайда, балалар асырап алуға жатады.

Тууы тиісті түрде тіркелген кәмелетке толмаған балаларды ғана асырап алуға болады.

Бұл ретте бала асырап алушы баланы тәрбиелеуге, оның денсаулығына, дене бітімі, психикалық, адамгершілік және рухани жағынан дамуына қамқорлық жасауға міндетті екенін ескеру керек.

Сонымен қатар, егер ата-ана баланы тастап кетсе, туыстары оны азаматтығына және тұрғылықты жеріне қарамастан асырап ала алады.

Түрлі отбасылар бірге туған бауырлас балаларды асырап ала алмайды. Бұл жағдайда, егер бала олардың қарым-қатынасы туралы білмесе, бірге тұрмаған және бірге тәрбиеленбеген болса ғана асырап алуға болады.

2017 жылы жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың және балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың Республикалық деректер банкі (бұдан әрі – Деректер банкі) құрылды.

Деректер банкі ата-анасының қамқорлығынсыз қалған әрбір бала туралы мәліметтерді және жетім балаларды, ата-анасы-

ның қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдар туралы мәліметтерді қамтиды. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру деректер банкі арқылы жүзеге асырылады.

## БАЛА АСЫРАП АЛУ ҮШІН ҚАНДАЙ ҚҰЖАТ ҚАЖЕТ?

Бала асырап алушының азаматтығына байланысты қажетті құжаттардың тізімі әр түрлі болады.

Егер ата-ана құқықтарынан айрылған болса, баланы асырап алу үшін оның ата-аналарының келісімі қажет.

Кәмелетке толмаған, жасы он алтыға толмаған ата-аналардың баласын асырап алған кезде, сондай-ақ заңды өкілдерінің келісімі қажет. Кәмелетке толмаған ата-аналардың заңды өкілдері болмаған кезде немесе кәмелетке толмаған ата-аналар баланы туған кезде медициналық ұйымда қалдырған және үш айдан аса оның тағдырына ешкім қарайласпаған жағдайда, - қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның келісімі қажет.

Баланы ата-аналарының келісімінсіз асырап алу, егер ата-аналар:

- белгісіз болған немесе сот оларды қайтыс болған деп жариялаған, хабар-ошарсыз кеткен деп таныған жағдайда;
- сот оларды әрекетке қабілетсіз деп таныған жағдайда;
- сот оларды ата-ана құқықтарынан айырған жағдайда;
- баламен бірге тұрмаған және сот дәлелсіз деп таныған себептер бойынша алты айдан астам уақыт бойы оны тәрбиелеу мен күтіп-бағудан жалтарған жағдайларда, олардың баланы асырап алуға келісімі талап етілмейді.

## 20%-ЫН КІМ ҰСТАП ҚАЛАДЫ?

Соңғы кездері ел арасында зейнетақы төлемдерін жасар кезде оның 20%-ын ұстап қалатыны туралы жиі айтылып жүр.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мәлімдеуінше белгісіз тұлғалар deerfake технологияларын пайдалана отырып, ынтымақты зейнетақы төлемі 20%-ға қысқартылады деген жалған мәлімет таратып жатыр. Алайда бұл өтірік.

Керісінше биылғы 1 қаңтардан бастап базалық және ынтымақты зейнетақы 10 процентке көбейді. 2023 жылдан бастап бес жыл ішінде жыл сайын кезең-кезеңімен ең төменгі базалық зейнетақы мөлшері ең төмен күнкөріс деңгейінің 70%-ына дейін, ал ең жоғары мөлшері 120%-ына дейін көтеріледі.

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап базалық зейнетақының ең төменгі мөлшері 35 596 теңгені, ал ең жоғары мөлшері күнкөріс деңгейінің 110%-ынан 118%-ына дейін ұлғайтылып, 60 005 теңгені құрап отыр. Ендеше жалған ақпаратқа алданбау керек.

"Акшамның" асханасы

## КӨКТЕМ САЛАТТАРЫ

### ШАЛҒАМ АПЕЛЬСИНМЕН

**Қажетті заттар:** 10 түйір шалғам (редиска), 1 түйір апельсин, 0,5қызыл жуа, бірнеше жапырақ балғын жалбыз, бір уыс руккола немесе аралас салат, 2 ас қасық зәйтүн майы, 1 ас қасық лимон шырыны, 0,5 шай қасық бал, тұз, бұрыш татымына қарай.



**Дайындалуы:** редисканы жіңішке леп дөңгелекше етіп тураймыз, апельсинді қабығынан тазартып, ақ пленкасынан ажыратып, бөліктерге бөліп тураймыз. Қызыл жуаны жіңішке жарты дөңгелекше етіп тураймыз. Сосын лимон шырынын да 5 минутқа маринадтаймыз. Ыдысқа редисканы, апельсинді, жуаны, рукколаны және қолмен жұмаланған жалбызды салып, араластырамыз. Заправка үшін зәйтүн майын, лимон шырынын қалғанын, бал, тұз, бұрыш қосып араластырамыз.

### БАЛҒЫН СӘБІЗ БЕН СПАРЖАДАН ЖАСАЛҒАН ЖЫЛЫ САЛАТ

**Қажетті заттар:** 1 байлам (200 гр. шамасы) көк спаржа, 5-6 түйір балғын сәбіз, 1 байлам (50 гр.)



черемша, 3 ас қасық зәйтүн майы, 1 шай қасық қыша, бірнеше тамшы соя соусы, тұз, бұрыш татымына қарай. Жалбыз немесе ақжелкен өсемдік үшін.

**Дайындалуы:** спаржаны жуып, қатты жерлерін алып тастаймыз. Сәбізді 4-ке бөлеміз, табада бір ас қасық зәйтүн майын қыздырып, көкөністерді салып, орташа отта 5-7 минут қуырамыз. Сәбіз жұмсарып, қызаруы керек.

Заправка үшін майдың қалғанын, қышаны, соя соусын араластырамыз. Шұңғыл ыдыста жылы көкөністерді, туралған жабайы сарымсақты және заправканы қосамыз, өбден араластырамыз, төрелкеге салып, дастарханға қояр алдында жалбызбен, ақжелкенмен өдемлейміз. Қажеттілікке қарай асылған жұмыртқа немесе авокадо қосуға болады.

### ҚҰЛПЫНАЙ, РУККОЛА ЖӘНЕ МОЦАРЕЛЛА

**Қажетті заттар:** 150 гр. балғын құлпынай, 150 гр. моцарелла (шарик түрінде), 1 уыс (50-70 гр.) руккола, бір уыс жаңғақ, 2 ас қасық зәйтүн майы, 1 ас қасық лимон шырыны, тұз, бұрыш татымына қарай.



**Дайындалуы:** құлпынайды жуып, құрғатып, құйрықшаларын алып тастаймыз. Әрбір құлпынайды ортасынан бөлеміз, ірі болса төртке бөлуге болады. Моцарелланы бөліктерге бөлеміз, егер де шарик түрінде болса тұтастай пайдаланамыз. Рукколаны ыдысқа саламыз, үстіне құлпынай мен моцарелла салып, оның үстіне жаңғақтарды орналастырамыз.

Заправкасы үшін зәйтүн майы, лимон шырыны, тұз, бұрышты араластырамыз. Заправканы салаттың үстіне құйғаннан кейін араластырудың қажеті жоқ.

### ТАУЫҚ ЕТІН КІМГЕ ЖЕУГЕ БОЛМАЙДЫ?

Тауық еті былайынша айтқанда оқорачка қазір хит тағам десе де болады. Оны пайдаланбайтын жан жоқ шығар. Алайда диетологтардың айтуынша оны елдің бәрі жей беруге болмайды. Өйткені оның құрамында май көп, әсіресе терісінде. Сондықтан семіздікке шалдыққандар және зат алмасу процесі бұзылғандар оқорачканы жеген жағдайда ағзаны одан сайын әлсіретеді. Сондай-ақ бауыры ауыратындар, асқазан-ішек құрылысы ауыратындар да оқорачканы шектегені дұрыс. Дәрігерлер пікіріне қарағанда тауық етінің сапасына да мән берген жөн. Мәселен есіру үшін пайдаланған дәрі-дәрмектер тауық етінде қалып қояы мүмкін. Антибиотик жақпайтындар да тауық етінен бас тартуы керек. Өрине тауық етінен мүлдем бас тартуға болмайды, сондықтан да оны пайдаланғанда міндетті түрде терісін алып тастап, асқан, немесе пеште бұға пісірген дұрыс. Қуырудың қажеті жоқ.

Сондай-ақ тауық етін кез-келген жерден сатып алуға да болмайды. Негізі дүкендерден шығарылған жері, мерзімі көрсетілген құжаты бар тауықты алған дұрыс.

## КӨКТЕМГІ ДӘМДЕР

### ІРІМШІК ШАЛҒАММЕН

Негізі бұл бар болғаны 5 минутта дайын болатын өте қарапайым, әрі пайдалы таңғы ас. **Қажетті заттар:** 100 гр. ірімшік, 2 ас қасық қаймақ, 5-6 түйір редиска (шалғам), 1 байлам өшкөк, ақжелкен, кинза сияқты дәмдеуіш шөптер.

**Дайындалуы:** ірімшікті қаймаққа қосып, өбден қоймалжың болғанша араластырамыз. Редисканы ірі үкіштен өткіземіз, немесе майдалап тураймыз. Дәмдеуіш шөптерді де майдалап тураймыз. Бәрін араластырып, тұз қосамыз. Дайын болған дәмді нанға жағып жеуге, немесе былайынша да жеуге болады.

### ТЕЗ ДАЙЫНДАЛАТЫН ТАҢҒЫ АС

Ауылда дайындалатын таңғы асқа ұқсағанымен дәм мейрамханалардағы тіскебасарлардан кем емес. **Қажетті заттар:** 1 кесім нан (негізі қара нан дұрыс), ірімшік, 2-3 редиска, 1 уыс дәмдеуіш шөптер (тіпті салат жапырағы немесе руккола да жарайды).

**Дайындалуы:** Нанды құрғақ табада, немесе тостерде кептіріп аламыз, содан соң ірімшік жағамыз, оның үстіне жіңішке етіп туралған редисканы саламыз, үстіне дәмдеуіш шөптерді саламыз. Редисканың қышқыл дәмімен ірімшіктің тәтті дәмі керемет үйлеседі.



### ШАЛҒАМ, ЖҰМЫРТҚА ЖӘНЕ ҚАЙМАҚ

Өте жеңіл, әрі тойымды салаттың бұл түрі түсік асқа керемет үйлеседі.

**Қажетті заттар:** 5-6 редиска, 2 асылған жұмыртқа, 1 байлам көк жуа, немесе өшкөк, 2 ас қасық қаймақ, татымына қарай тұз бен бұрыш.

**Дайындалуы:** редисканы жіңішке леп, дөңгелекше етіп тураймыз, жұмыртқаны кубик етіп, дәмдеуіш шөптерді майдалап тураймыз. Барлығын араластырып, қаймақ қосып, тұзын, бұрышын саламыз. Қажетіне қарай балғын қияр қосуға болады.



### ЖҰМЫРТҚА ҚОСЫЛҒАН КОФЕ

Қазір тик-токта тренд болып жатқан кофенің бұл түрі негізі 1940 жылдары Вьетнамның Ханое қаласында пайда болған. Сол уақыттары сүттің тапшылығына, жетіспеушілігіне орай бір бармен сүт орнына қюланған сүтке (сгушценка) жұмыртқаның сары уызын қосып пайдаланған. Арада біраз уақыт өткеннен кейін көптеген кофейнялар осы рецептіні еске түсіріп, жұртты таңқалдыра бастайды. Тәтті көбігі бұрқыраған кофе иісі керемет. Тіпті жұмыртқа дәмі білінбейді. Үй жағдайында бұл кофені дайындауға болады. Ол үшін кофені қайнатып аламыз. Содан соң жұмыртқаның сары уызын қюланған сүтке қосып келірітіп, көбікке айналғанша араластырамыз. Ыстық кофе үстіне осы келірішіген көбікті құямыз. Бар болғаны осы.

Қытайда бұдан бөлек саңырауқұлақ кофесі де бар екен. Саңырауқұлақ қосылған кофелер құрамындағы саңырауқұлақтар кофеиннің әсерін әлсіретеді екен, әрі ішектің жұмысын да жақсартады. Есте сақтайық, қарапайым кофеден бөлек жұмыртқа қосылғаны болсын, басқасы болсын қандай кофе болғанда да аллергиясы бар, асқазан-ішек құрылыстары аурулары бар жандарға бұларды ішуге болмайды.



## МҮМКІНДІКТЕР МЕН ӨЗГЕРІСТЕР УАҚЫТЫ

**ТОҚТЫ.** Айдың бас жағында өзіне тиесілі істер мен міндеттерді атқару қиына соғады. Қарсылық білдіріп, шатақ шығаруы да келеді. Тұрмыста және жұмыста өзгерістер жасауға тырысыңыз. Қуану үшін көп нәрсенің керекі жоқ, сылтау таба біліңіз.

Сондай-ақ тамақтану, спортпен айналысу жағдайларын қайта қараңыз. Денсаулыққа, өз-өзіне күтімге көп уақыт бөлген дұрыс.

Айдың орта шенінде өз-өзіне деген сенімсіздік пайда болады. 7-сі мен 15-і аралығында ірі заттар сатып алуға абай болыңыз. Айналаны тазартып жинастырғанда қаншалықты бай екеніңізді байқайсыз.

Айдың орта шенінде өз-өзіңізді керемет сезінесіз, өз ісіңізді жоғары деңгейге көтеріңіз келеді. Өзіңізбен пікірлес жандармен бірігіңіз, тәжірибе алмасыңыз, ақыл-кеңес сураудан ұялмаңыз.

Айдың соңғы жағы әралуан оқиғаларға толы, сезімге абай болыңыз. Бәлкім болашағы бар таныстыққа кез боларсыз.

**ТОРПАҚ.** Ешнәрсені де кейінге қалдыруға болмайды. Бәрін тезірек орындап тастау керек. Жүйке менен көңіл-күй тепе-теңдігін бұзады, тіпті ең жақын адамдармен келіспеушілік те болуы мүмкін. Бәрі де өзіңізге қарсы әдейі жасалып тұрған сияқты. Табандылық пен шыдамдылық таныта біліңіз. Кедегілерді жеңіп шығасыз.

Айдың орта шенінде қарыз қайтады, сондай-ақ күтпеген тұстан ақша кірісі болуы да мүмкін. Ірі зат сатып алып өз-өзіңізге қуаныш сыйлайсыз. 17-сі мен 25-і аралығында жаңа мүмкіндіктер пайда болады. Алайда, логика мен көңіл-күйдің бір-бірімен келісімге келуі қиын, әсерінен таңдау жасай алмайсыз.

Айдың соңғы жағында жаңа жобаны қолға алсаңыз табысты болары анық. Сондай-ақ тамақтану мен дене белсенділігін қайта қараңыз.

**ЕГІЗДЕР.** Қайсыбір мәселені болмасын кейінге қалдырмай, бірден шешкен дұрыс. Пікірлес жандармен ақылдасыңыз, жақын адамдардан көмек сұраңыз, достық кеңестен де бас тартпаңыз. Ақшаға аса абай болыңыз. Шығыстарды жоспарлап, алдағы уақытта жұмсалатын шығынның тізімін жасаныз.

Айдың алғашқы жартысында төрттіпті, жауапты болыңыз. Өз-өзіңізге артық болуы да мүмкін.

Айдың ортасына қарай жеке өмірде көптеген жағдайлар орын алып, басқаға уақыт пен күш қалдырмайды. Адамдармен қарым-қатынас абай болыңыз, әйтпесе ойламаған жерден дау шығуы мүмкін. 14-і мен 19-ы аралығында жолда сақ болыңыз. Егер де жаңа бір іс бастап, өз-өзіңізді сынап көріңіз келсе, айдың екінші жартысына қалдырыңыз. Көңіліңізде күмән болып жүрген жайды көпшіліктің талқысына салудан уақыт аямаңыз.

Айдың соңғы жағында денсаулыққа мән беріп, тамақтану жағын қайта қараңыз. Өзгерістерге дайын болып, оны қарсылықпен емес, қуанышты көңіл-күймен қарсы алыңыз. Демалудан уақыт аямаңыз.

**ШАЯН.** Көңіл-күй жоғары. Жұмыс пенен жеке өмірді үйлестіре білген жағдайда бәрі жақсы болады. Өріптестермен әңгіме айтқанда абай болыңыз, маңызды мәселелерді асығыс бастамаңыз. Өзіңізден уақыт аямаңыз. Бұл кезеңдегі қайсыбір өзгерістер болмасын пайдалы.

Айдың ортасына қарай көктем келгенін сезінесіз. Осы уақытқа дейін кейінге қалдырып келген шаруаны іске асыратын кезең. Қиындық болған жағдайда бәрін ақыл таразысына салып, жақын адамдардан ақыл сұрауға ұялмаңыз. 17-і мен 26-ы аралығында ұйқыдан мазат кетеді. Кешкі серуен денсаулықты жақсартады.

Айдың соңында жолға, саяхатқа шыққан, достармен кездескен пайдалы, алайда ішкіліктерге әуес болмаңыз. Өз-өзін тәртіпке келтіру көп қиындықтардан құтқарады.

**АРЫСТАН.** Өз бизнесіне, кәсібі көтерілуіне, біліктілігін арттыруға қолайлы кезең. Егер де нәтиже болатын болса, қайсыбір істе болмасын тәуекел етуге болады. Жақын адамдарыңыздың өкпе-назына түсінікпен қараңыз. Олардың өзіңізге көмегін ойлап, оларды да қуантуға назар аударыңыз. Өте сақ болыңыз. Өз мүмкіндіктеріңізді жіберіп алмаңыз. Ірі оқиғадан тыс қалмаңыз.

Айдың орта шенінде қаржылық жобаларға араласпаңыз, қарыз бермеңіз. Сондай-ақ ақша тақырыбына әңгіме де айтпаңыз. Шығармашылық іс күш береді, әрі шабыт шақырады.

Айдың екінші жартысында "ақырын жүріп, анық басыңыз". Іс қағаздарды, құжаттарды тәртіпке келтіріңіз, күтпеген тұстан тексеріс болуы мүмкін. Барлығын бір өзім атқарамын демей, міндетті басқалармен бөлісіңіз.

Айдың соңында қағазға жаңа жоспарларды, идеяларды тізіңіз. Өз-өзіңізге күтім жасаңыз.

**БИКЕШ.** Қызықты оқиғаларға толы ай. Бәлкім болашаққа деген жоспарды өзгертетін маңызды әңгіме орын алады. Бұл кезеңде демалуға, алдағы уақытты жоспарлауға көңіл бөліңіз.

Айдың орта жағында ақша шығынын бақылаңыз, ірі заттар сатып алмаңыз, жақын адамдарыңызға көңіл бөліңіз. 12-і мен 22-сі аралығында өз талантыңызды көрсететін сәтті жеріңіз алмаңыз. Егер де бір жаңа жоба бастағыңыз келсе, немесе отау құрғыңыз келсе өте қолайлы уақыт.

Айдың екінші жартысында өз өміріңізге өзгерістер енгізіңіз. Бәлкім, бейтаныс жерлерге саяхатқа шығасыз, әйтпесе керемет мастер класқа

барарсыз. Айналадағы жағдайдың барлығына аса мән бермеңіз. Кейде өмір дегеніміздің өзі кино, ойын деп қабылдаңыз.

Айдың соңғы жағында абай болыңыз. Жарақаттанып қалуыңыз мүмкін.

**ТАРАЗЫ.** Айдың бас жағы барлығына сараптама жасап, өмір мәніне басымдық беретін кезең. Қорытынды мен нәтиженің барлығы керемет болмауы мүмкін, алайда өміріңізді жақсартатын жоспар құра аласыз. Айналаңызды және құжаттарды тәртіпке келтіруге уақыт бөліңіз. Адамдармен көбірек қарым-қатынас жасауға, жаңа таныстар табуға, өз-өзіңізді көрсете білуге ұмтылыңыз. 6-ы мен 14-і аралығында туған-туысқандар тарапынан келіспеушілік орын алады. Шамалы көңіл-күй түседі. Дүкендерге барып сауда жасап, жанарып, өз көңіл-күйіңізді көтеріңіз.

Айдың орта шенінде ескі қарыздар, шешілмеген мәселелер бой көтереді.

Айдың екінші жартысында шешім қабылдау қиына түседі. Қарқынды шамалы азайтып, ең басты деген іске назар аудару керек. Негізі топ пен командада әрекет еткен жақсы.

Айдың соңғы жағында көңіл-күй көтеріледі, жақсы жаңалықтар да көп күтілмейді.

**САРЫШАЯН.** Тынымсыз кезең. Шаруа жетерлік, ақпараттар ағыны толассыз. Барлығын бірдей қамтимын деп ұмтылмаңыз, уақыт босқа кетеді. Өз орнымда керекті бағытпен жүріп келемін бе деген күдік пайда болады. Адамдардың барлығы бірдей тілектес болмауы мүмкін. Өз күмәніңіз бен күдіктеріңізді жақын адамыңызбен бөлісіңіз.

Айдың орта шенінде тосын сый, қаржылық табыс болады.

Айдың екінші жартысында бір қарағанда керемет ұсынысқа келісе қоймаңыз. Ағымдағы жұмыстарға мән беріңіз. Жоспарлауға, интеллектуалды іске назар аударыңыз.

Айдың соңғы жағында барлығына сақтықпен қарап, майда-шүйдеге дейін мән берсеңіз, өз мүмкіндігіңізді жіберіп алмайсыз.

**МЕРГЕН.** Айдың бас жағы өте сәтті. Өз-өзіңізбен бола бермей, айналаңызға зер салыңыз. Пайдалы, қызықты таныстық орын алуы мүмкін. Денсаулыққа мән беріңіз, спортқа, пайдалы тамақтануға назар аударыңыз. Рухтас жандармен қарым-қатынас жасау ерлікке бастайды. Күш-қуатты сауатты пайдалана біліңіз.

Айдың орта шенінде шаруа көбейеді, дайын болыңыз. Келіспеушіліктер де орын алады. Өткен шақтағы адамдар бой көтереді, оларды өзіңізге жақындатып өткеннің қателігін қайталамаңыз.

Айдың орта шенінде шаршағаныңызды сезесіз, дегенмен шыдамды болыңыз.

Айдың соңғы жағында жүрек түкпіріндегі идеяны жүзеге асыруға тырысыңыз. Өміріңізге келген жаңа адамдарға сақтықпен қараңыз.

**ТАУЕШКІ.** Айдың бас жағында өте ұқыпты, әрі келісімпаз болған дұрыс. Өзіңізге көзқарасы нашар адамдармен бірге іс бастауға болмайды. Есесіне жеке өміріңізде қуаныш көп.

Айдың орта шенінде біреуге қайтарымызсыз көмектесуге, қарыз беруге ұмтылмаңыз. Денсаулығыңызға қарап, өз идеяларыңызды жүзеге асыруға тырысыңыз. Спорт, немесе шығармашылық болсын өзіңізге шабыт беретін істен уақыт аямаңыз.

Айдың екінші жартысы тынышсыз, әсіресе өз өміріңізге өзгеріс жасаймын десеңіз дайын болыңыз. Көңіл-күй ауытқып тұрады, оның үстіне өзіңізге дос емес адамдардың да қилы әрекеттері бар. Бұл уақытта саяхатқа шыққан жақсы.

Айдың соңында көптен бері кейінге қалдырып келе жатқан істі аяқтаңыз, берген уәдені орындаңыз.

**СУҚҒЫҒЫШ.** Батылдық көрсете білу керек. Басқалардың пікірі, әрекеті өзіңізді алған бетіңізден қайтара алмағаны дұрыс. Өзі ісіңізге мән беріңіз, өз-өзіңізге сенімді боласыз.

Айдың орта шенінде көңілге желік бітеді. Асықпаңыз, жақсы демалыстан, достармен көңілді кездесуден бас тартпаңыз. Бұлардың да өз пайдасы бар. Зат сатып алғанның зияны жоқ.

Айдың екінші жартысында қызғанышқа ерік беріп, жеке өміріңізде дау-дамай орын алады. Өзіңіздің сыртқы келбетіңізге мән беріңіз, күтініңіз, жаңарыңыз.

Айдың соңғы жағында ішкі дүниенің өзгерістер болады. Өзіңізді қандай болсаңыз да қабылдай біліңіз.

**БАЛЫҚ.** Көптеген өзгерістер, әсіресе ішкі дүние жағынан өзгерістер орын алады. Армандардың қалай жүзеге асатынын көресіз. Кейінге қалдырмаңыз, шыдамдылық пен табандылық көрсетуге дайын болыңыз. Өз жағыңыздағылардың көмегі мен бірлескен әрекеті қажет-ақ. Шығармашылықпен айналысуға, жаңа шабыт көзін табуға уақыт аямаңыз. Ақырына дейін сенімді болмасаңыз, жаңа жоба бастамаңыз, ақша жұмсамаңыз.

Айдың екінші жартысы өз көңіл-күйіңізге байланысты. Күш аз болуы мүмкін, қуат та көп емес. Содан да күш-қуатты қайда жұмсайтыныңызды алдын ала ойлаңыз. Шаршататын, пайдасы жоқ ортадан аулақ болыңыз.

Айдың соңғы жағында сәтті сапар орын алады. Жаңа таныстықтардың пайдасы мол.